

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитеті
«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК

ӘОЖ 902 (4.9)

Мемлекеттік тіркеу

№ 0124РҚ00709

БЕКІТЕМІН
«Берел» мемлекеттік тарихи-
мәдени музей-қорығы РМҚК
Тарихымен а.а.



А.Т. Сарбасов
2025 ж.

«ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТТЕРІНДЕГІ БЕЛГІЛЕР
ЖҮЙЕСІ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ

ЕСЕБІ
(аралық)

Ғылыми жетекшісі С.К. Самашев

Қатонқарағай ауылы, 2025

ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Жетекші ғылыми қызметкер, PhD докторы	 колы, уақыты	С.Қ. Саманов Ізгісіз, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша В)
Бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымының докторы, профессор	 колы, уақыты	З. Саманов (негізгі бөлім)
Жетекші ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты	 колы, уақыты	О.С. Саманов (негізгі бөлім)
Аға ғылыми қызметкер, PhD докторанты	 колы, уақыты	Ә. Әбілбекұлы (негізгі бөлім, қосымша В)
Ғылыми қызметкер	 колы, уақыты	А.Т. Сарбасов (негізгі бөлім)
Ғылыми қызметкер	 колы, уақыты	Ж.К. Елемесена (негізгі бөлім)
Ғылыми қызметкер	 колы, уақыты	Ж.М. Сағымбасов (негізгі бөлім)
Кіші ғылыми қызметкер	 колы, уақыты	Б.А. Сираикова (қосымша А, Ә, Б, Г)

Нормоконтролер  Ж.К. Елемесена

РЕФЕРАТ

Есеп 55 б., 1 кітап, 8 сурет, 20 дереккөз, 2 қосымша

АРХЕОЛОГИЯ, ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ, ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ, ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТІ, БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІ

Бұл бағдарлама Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілерінен қалған таңба-белгілерді жан-жақты, пәнаралық зерттеуге бағытталған.

Қазақ Алтайы аумағында ерте темір дәуірінде өмір сүрген көне көшпелілердің ділі, дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымының басты белгілері көрініс тапқан визуалды таңбалық жүйелер – өзіндік ерекшелігі бар бірегей кешен болып табылады. Бұл таңбалар мен символдар – жартасқа салынған суреттер, тұрмыстық заттардағы өрнектер, қару-жарақ немесе сүйектен жасалған бұйымдардағы белгілер – тек материалдық мәдениеттің жәдігерлері ғана емес, сол дәуірдің мифтік түсініктері, сакралды мән-мағынасы мен саяси құрылымдарының маңызды репрезентанттары болып табылады.

Осы зерттеудің нысаны – Қазақ Алтайы мәдениеттеріндегі ерте темір дәуірінің таңбалық жүйесі. Бұл аймақ скиф-сақ мәдени-тарихи шеңберінің бір бөлігі ретінде б.д.д. I мыңжылдықтың басында өзіндік визуалды мәдениет нысандарын қалыптастырған өңір болып саналады. Зерттеу пәні ретінде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім, аудандарындағы археологиялық ескерткіштерден табылған әртүрлі таңбалар мен олардың таңбалық-коммуникативтік жүйе аясындағы интерпретациясы қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – көрсетілген аймақтағы ерте темір дәуіріне тән таңбалық жүйенің ерекшеліктері, қызметтері мен идеологиялық мазмұнын айқындау және сол негізде көне халықтың дүниетанымдық ұстанымдарын жаңғырту.

Зерттеу міндеттері:

- таңба-белгілері бар археологиялық дереккөздерді жүйелеу;
- таңба-белгілердің типологиясы мен орналасу тәртібін анықтау;
- таңба-белгілердің қызметтік жіктелімін жасау (рулық, сакралды, мәртебелік және т.б.);

- оларды скиф-сібір әлемінің ұқсас таңбалық кешендерімен салыстыру;
- символдық сюжеттер мен олардың идеологиялық кодтарын талдау.

Зерттеудің әдістемелік негізін визуалды антропология мен семиотика (Ю.М. Лотман, К. Леви-Стросс) бағыттарының тәсілдері, сондай-ақ археологиялық әдістер: трасологиялық зерттеу, контекстуалдық талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс құрайды.

Дереккөздер базасы ретінде далалық материалдар, жартас суреттері, сүйектен жасалған бұйымдар мен көрнекті жәдігерлер топтамалары, сондай-ақ ғылыми еңбектер (З.Самашев, В.И. Раевский, А.А. Базарбаева, А.П. Бородовский және басқалар) пайдаланылады.

Зерттеудің жаңалығы – таңбаларды тек окшау декоративті немесе шаруашылық белгі ретінде емес, идеологиямен, сакралды кеңістікпен және көне халықтың төл болмысымен тығыз байланысты тұтас визуалды-символикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға талпыныс жасауында.

Бағдарлама далалық жұмыстардан бастап, ежелгі таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштердің электрондық деректер базасы құрастыру және әртүрлі символдық белгілері бар жылжымайтын және жылжымалы ескерткіштерді зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеуге дейінгі зерттеулердің толық циклін қамтиды.

Бағдарлама айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық тиімділікке ие болмақ, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, туған еліне, туған жеріне, төл тарихына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірдің экономикалық және туристік дамуына септігін тигізеді.

РЕФЕРАТ

Отчет 55 с., 1 кн., 8 рис., 20 источн., 2 прил.

АРХЕОЛОГИЯ, КАЗАХСКИЙ АЛТАЙ, РАННИЙ ЖЕЛЕЗНЫЙ ВЕК, КУЛЬТУРА ДРЕВНИХ КОЧЕВНИКОВ, ЗНАКОВАЯ СИСТЕМА

Данная программа направлена на комплексное междисциплинарное изучение знаков и символов, оставленных древними кочевниками Казахского Алтая.

Визуальные знаковые системы, существовавшие в эпоху раннего железного века на территории Казахского Алтая, представляют собой уникальный комплекс, в котором отразились ключевые черты ментальности, мировоззрения и социальной структуры древних кочевников. Эти знаки и символы – будь то петроглифы, орнаменты на утвари, знаки на оружии или костяных изделиях — служат не только артефактами материальной культуры, но и важнейшими средствами репрезентации мифологических представлений, сакральных значений и политических конструкций эпохи. Объектом настоящего исследования является знаковая система в культурах раннего железного века Казахского Алтая – региона, являющегося частью скифо-сакского круга, где в начале I тысячелетия до н.э. формировались оригинальные формы визуальной культуры. Предметом исследования выступают различные типы знаков, обнаруженные на археологических памятниках Восточно-Казахстанской области в Уланском, Тарбагатайском, Катон-Карагайском и Курчумском районах, и их интерпретация в контексте знаково-коммуникативной системы.

Цель исследования – выявление особенностей, функций и идеологических значений знаковой системы раннего железного века в указанном регионе, а также реконструкция на её основе мировоззренческих установок древнего населения.

Задачи исследования:

- систематизация археологических источников, содержащих знаковые элементы;
- выявление типологии и локализации знаков;
- определение функций (родовые, сакральные, статусные и др.);
- сопоставление с аналогичными знаковыми комплексами скифо-сибирского мира;
- интерпретация символических сюжетов и их идеологических кодов.

Методологической базой служат подходы визуальной антропологии, семиотики (Ю.М. Лотман, К. Леви-Стросс), а также археологические методы (трассология, контекстный анализ, сравнительно-типологический подход).

Источниковую базу составляют как полевые материалы, так и опубликованные корпуса петроглифов, костяных изделий, художественных артефактов и научные публикации (З.Самашев, В.И. Раевский, А.А. Базарбаева, А.П. Бородовский и др.).

Новизна исследования заключается в попытке рассмотреть знаки не как изолированные декоративные или хозяйственные элементы, а как часть целостной визуально-символической системы, связанной с идеологией, сакральной сферой и идентичностью древнего населения Казахского Алтая.

Программа включает полный цикл исследований: от полевых работ до создания электронной базы данных памятников с древними знаками и символами, а также разработки методических рекомендаций по изучению движимых и недвижимых памятников с различными символическими знаками.

Программа будет иметь значительную социально-экономическую эффективность, способствуя воспитанию патриотизма у подрастающего поколения, формированию любви к родной стране и истории, а также экономическому и туристическому развитию региона.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	8
1 Археологиядағы белгілер жүйесін зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері....	8
2 Ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайының тарихи-мәдени мәнмәтіні.....	10
3 Археологиялық дереккөздерді талдау: ескерткіштер, пішіндер, техника, белгілердің орналасу тәртібі.....	13
4 Белгілер жүйесін талдау: құрылымы, қызметі, мифологиясы мен идеологиясы....	18
5 Қазақ Алтайы ескерткіштеріндегі символдық ойықтар: таңбалық жүйенің бастапқы үлгілері.....	21
6 Темір дәуірінің бейнелеу өнеріндегі образдық жүйені талдау: символика, мифология және идеологиялық кодтар.....	25
7 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу жұмыстары.....	27
8 Аң стилі – Қазақ Алтайы көшпелілерінің ерекше таңбалық-коммуникативтік жүйесі.....	30
ҚОРЫТЫНДЫ.....	32
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	34
Қосымша А. Қазақ алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным (археологтар үшін)	37
Қосымша Б. Жұмыстың күнтізбелік жоспары.....	53

КІРІСПЕ

Еуразия кеңістігіндегі көне көшпелілер өркениетінің айрықша бөлігі болып саналатын Қазақ Алтайы – археологиялық, тарихи және мәдени тұрғыдан ерекше маңызға ие өңір. Бұл аймақ б.з.д. I мыңжылдықта – ерте темір дәуірінде – кең байтақ көшпелі әлемнің мәдени тоғысқан аймақтарының бірі ретінде қалыптасып, мифтік таным, сакралды құрылымдар және әлеуметтік стратификация көрініс тапқан күрделі визуалды-символикалық жүйелердің дамуына негіз болды.

Жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу бағдарламасы Қазақ Алтайы аумағында ерте темір дәуірінде өмір сүрген көне көшпелілер мәдениетіндегі таңба-белгілер жүйесін кешенді, пәнаралық әдістермен зерттеуге бағытталған. Бағдарлама шеңберінде ежелгі белгілер мен нышандар тек эстетикалық немесе қолданбалы емес, терең мағыналық, дүниетанымдық және идеологиялық мазмұнға ие коммуникативтік құралдар ретінде қарастырылады. Олар – сакралды кеңістікті белгілейтін, билікті заңдастыратын, әлеуметтік мәртебені айқындайтын, сондай-ақ әлем құрылымын көрнекі түрде бейнелейтін визуалды кодтар жиынтығы.

Бағдарламаның мақсаты – ерте темір дәуірінде Қазақ Алтайын мекендеген көне көшпелілердің таңба-белгілер жүйесін зерттеу арқылы олардың тарихи-мәдени ортасын жаңғырту, таңбақолдану дәстүрінің кейінгі кезеңдермен сабақтастығын анықтау, Қазақ Алтайы визуалды-символикалық жүйесінің Орталық Еуразияның мәдени мұраларындағы орнын айқындау, сондай-ақ ежелгі белгілерді анықтау, сақтау, пайдалану және насихаттау ісіне ғылыми-әдістемелік негіз әзірлеу.

Бағдарламаның негізгі міндеттері мыналар:

- Қазақ Алтайының символикалық бейнелермен байланысты ерте темір дәуірі археологиялық ескерткіштерін сипаттау;
- жылжымалы және жылжымайтын археологиялық нысандардағы таңба-белгілердің типологиялық жүйесін құру;
- таңбалық құрылымдарды анықтау тәсілдері мен семантикалық талдауды жүйелеу;
- аймақтық ерекшеліктер мен локализацияланған таңбалық кешендерді талдау;
- билік, меншік, мәртебе сынды әлеуметтік құбылыстармен байланысты жеке белгілердің қызметін зерттеу;
- далалық деректерді зертханалық және ғылыми-сараптамалық өңдеуден өткізу;
- аймақ музейлерінде жинақталған таңбаға қатысты материалдарды каталогтауға дайындық ретінде зерделеу;

- Қазақ Алтайының таңба-белгілер жүйесін сақтау мен насихаттаудың әдістемелік негіздерін әзірлеу;

- зерттеу нәтижелерін Орталық Еуразия кеңістігінің мәдени және туристік инфрақұрылымына енгізудің тетіктерін ұсыну.

Бағдарламада археология, визуалды антропология, тарихи семиотика, трасология, салыстырмалы-типологиялық және контекстуалдық әдістер үйлесімде қолданылып отыр.

Зерттеу нысандарына Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім, аудандарындағы петроглифтік кешендер мен басқа да археологиялық нысандарда табылған белгілер жүйесі кіреді.

Ағымдағы есептік кезеңде бағдарлама шеңберінде бірқатар алдын-ала далалық барлау және камералдық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ерте көшпелілердің визуалды белгілерімен байланысты археологиялық деректер жүйеленді, таңбалық құрылымдардың типологиясы мен функциясына қатысты алғашқы тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар, ежелгі ойықтардың протобелгілік мәні, аң стиліндегі мифтік мазмұн, әлеуметтік стратификацияны білдіретін визуалды кодтар кешені және визуалды рәміздердің кеңістіктік-уақыттық құрылымы зерттеудің бастапқы нәтижелері ретінде баяндалды.

Осылайша, берілген бағдарлама таңба-белгілер жүйесін археологиялық тұрғыдан зерттеу арқылы көне көшпелі қоғамдардың семиотикалық мәдениетін, сакралды дүниетанымын және әлеуметтік қатынастарын жан-жақты зерделеуді мақсат етеді. Бұл зерттеу нәтижелері отандық ғылымды байытып қана қоймай, аймақтың мәдени мұрасын сақтауға, оны танымал етуге және халықаралық ғылыми айналымға енгізуге негіз қалайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1 Археологиядағы белгілер жүйесін зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері

«Белгілер жүйесі» ұғымының археологиялық мәнмәтінде қарастырылуы.

Археологиядағы «белгілер жүйесі» ұғымы – ақпаратты жеткізу, сәйкестендіру және коммуникация мақсатында пайдаланылған тұрақты визуалды немесе материалдық пішіндер жиынтығын білдіреді. Бұл жүйеге символдар, пиктограммалар, өрнектер, глифтер сынды элементтер жатады. Археологиялық белгі ұғымы тек функционалды қызмет атқаратын (мысалы, рулық таңбалар) элементтермен шектелмей, сондай-ақ символикалық сипаттағы көріністерді (солярлық бейнелер, жәукемдеу сахналары, тотемдік жануарлар бейнелерін) де қамтиды.

Кейбір археологиялық белгілер протобелгілік сипатта болады. Яғни, олар толық мағыналық кодқа ие болмаса да, ұжымдық тәжірибе аясында құрылымдалған элементарлы пішіндер болып табылады. Мұндай белгілер жүйесі бейнелік коммуникация құралы ретінде визуалды мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі саналады.

Белгілерді зерттеудің әдістемелік тәсілдері. Археологиялық белгілерді талдау пәнаралық тәсілдерді талап етеді, олардың ішінде:

- семиотикалық тәсіл (Ю.М. Лотман, Ч. Пирс) [1; 2]: белгілерді мәдени контекске ендірілген ақпараттық кодтар жүйесі ретінде қарастырады. Археологиялық бейнелер – бұл өзіндік тілдік құрылымға ие мәтіндер.

- құрылымдық талдау (К. Леви-Стросс) [3]: визуалды пішіндер астарында бинарлық оппозициялар мен мифтік құрылымдардың болуын болжайды.

- визуалды антропология: бейнелеу тәжірибелерін идеологиялық мазмұнның репрезентациясы ретінде зерттейді (мысалы, билік, сакралдылық, тән және т.б.).

- мәнмәтіндік археологиялық талдау: белгілердің ескерткіш құрылымындағы орнын, олардың кеңістікте орналасу тәртібін, өлшемін, жасалу техникасын және бірге табылған жәдігерлермен байланысын зерттейді.

- трасологиялық зерттеу: белгі салынған құралдарды, технологиялық іздерді, орындау кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді.

- салыстырмалы-типологиялық әдіс: археологиялық белгілер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды макроаймақтық деңгейде (мысалы, скиф-сақ немесе түркі-моңғол әлемі) салыстыра отырып зерттейді.

Археологиялық белгілердің функционалдык типологиясы. Белгілердің археологиялық талдамасы оларды қызметіне қарай келесідей типтерге бөлуді ұсынады:

- идентификациялық белгілер: рулық, тайпалық, жеке таңбалар;

- сакралды белгілер: солярлық символика, шеңберлер, айқыштар, ғұрыптық көріністер;

- коммуникативтік белгілер: бағыттаушы таңбалар, жол сілтеушілер, территориялық маркерлер;

- мифтік және идеологиялық белгілер: жәукемдеу көріністері, антропоморфты және зооморфты бейнелер, тотемдер;

- техникалық және шаруашылық белгілер: шеберлік белгілері, қызметтік белгілер мен кесінділер.

Терминологиялық анықтамалар мен ұғымдық шектеулер. Белгілер жүйесін талдау кезінде келесі ұғымдардың ара жігін нақты ажырату қажет:

- белгі (знак): мағынасы бар тұрақты визуалды пішін;

- символ: абстрактылы немесе сакралды мазмұнға ие белгі;

- пиктограмма: көрнекі бейне, көрер көзге бірден түсінікті;

- протобелгілер: толық қалыптаспаған, элементарлық/қарапайым пішіндер (мысалы, ойықтар, шеңберлер, қиылыстар);

- таңба: меншік немесе рулық сәйкестік нышаны ретінде орныққан пішін.

Археологиялық талдаулардың шектеулері мен ерекшеліктері. Белгілерді археологиялық мәнмәтінде талдаудың өзіндік қиындықтары мен шектеулері бар:

- жазбаша түсіндірмелердің болмауы;

- белгілер салынған бастапқы мәдени ортаның жойылуы;

- белгілердің санқырлы мағынаға ие болуы (мысалы, бір белгі бір мезетте сакралды, рулық және техникалық мәнге ие болуы мүмкін);

- қазіргі немесе сыртқы түсініктерді архаикалық материалдарға телу қаупі (мысалы, түркілік таңбаларды скиф дәуіріне жатқызу).

Далалық материалдарды зерттеу әдістемесі. Күрделі археологиялық кешендерде (мысалы, Сартынбет, Ақбауыр) белгілерді тіркеу және талдау үшін келесідей әдістемелік тәсілдер ұсынылады:

- мәнмәтінді тіркеу: фотофиксация, координаттар, стратиграфиялық мәліметтер;

- трасологиялық талдау: құралдар мен техникаға қатысты іздерді анықтау;

- бейнелерді сандық өңдеу: жиектеу, графикалық өңдеу, 3D-үлгісін жасау;

- белгілердің қайталануын және вариативтілігін бір ескерткіш аясында және түрлі ескерткіштер арасында салыстырмалы түрде талдау.

2 Ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайының тарихи-мәдени мәнмәтіні

Географиялық және мәдени кеңістік. Қазақ Алтайы – Орталық Азия кеңістігіндегі ерте көшпелі мәдени түрлену үдерістерінің тоғысқан басты аймақтарының бірі [4, с. 8]. Бұл өңірге Ертістің жоғарғы ағысы, Тарбағатайдың баурайы, Оңтүстік Алтай жоталары мен Ұлан сілемдері кіреді. Географиялық орналасу ерекшеліктері арқылы аталмыш аймақ түрлі табиғи-мәдени орталарды – далалық, орманды-дала және биік таулы өңірлерді – біріктіріп тұрған байланыс торабы қызметін атқарды.

Көне заманда бұл кеңістікте сауда және көші-қон жолдары қиылысып, әртүрлі этномәдени қауымдастықтар арасында материалдық және рухани алмасудың қарқынды жүруіне жағдай жасады. Табиғи ортаның (аңғарлар, асулар, өзендер) күрделі құрылымы халықтың дүниетанымдық жүйесіне, ғұрыптық-мифтік практикасына тікелей ықпал етіп, кеңістікті тек шаруашылық мақсаттағы аймақ емес, киелі мәнге ие нышандармен көмкерілген сакралды құрылым ретінде қабылдауға негіз болды.

Көшпелі мал шаруашылығына көшу және оның идеологиялық салдары. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Қазақ Алтайында өмір сүрген қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алды. Отырықшы-егіншілік пен энеолиттік бақташылықтан көшпелі мал шаруашылығына көшу нәтижесінде қоғамның әлеуметтік стратификациясы күшейіп, әскери-әкімшілік элита мен сакрализованған билеуші топтар қалыптасты.

Бұл түрлену көшпелілердің кеңістікпен қарым-қатынасында да сапалық өзгерістерге әкелді: енді кеңістік иелену нысаны емес, қозғалыс пен бағыттың (тропеиканың) динамикалық өрісі ретінде қабылдана бастады.

Аталған дүниетанымдық өзгерістер бейнелеу өнерінде де айқын көрініс тапты. Бұрынғы аналық бастау, құнарлылық, эротикалық рәміздер екінші кезекке ығыстырылып, олардың орнын аңшылық, шайқас, жыртқыш аңдардың шабуылы секілді қозғалысқа толы сюжеттер басты. Бұл көркемдік бағдардың өзгеруі таңбалық жүйенің де бағыт-бағдарын өзгертті: көлденең (аграрлы) бағдардан тігінен-иерархиялық (әскери-көшпелілік) бағытқа ойысты.

Киелі кеңістік құрылымы және тау культі. Ерте темір дәуірі кезеңіндегі Алтай көшпелілерінің дүниетанымында таулар ерекше сакралды рөл атқарған. Таулар мен шыңдар космогониялық модельде жоғары әлеммен байланыстырушы нүктелер ретінде қарастырылып, «дүниенің өзегі» (axis mundi) функциясын атқарған [5, с. 22].

Бұл тұжырымды петроглифтік кешендердің орналасу сипаты дәлелдей түседі: мысалы, Ақбауыр, Сартымбет секілді ескерткіштер күрделі рельефтік және визуалды

доминантты аймақтарға қашалған. Бұл олардың ғұрыптық, сакралды функция атқарғанын білдіреді.

Осы мәнмәтінде қарастырған кезде, тастарға немесе жартастарға салынған таңбалар тек белгі қою емес, ежелгі адамдар таңба-белгілер арқылы әлемге қасиетті мағына беріп, оны өзгертуге немесе реттеуге тырысқандығының көрінісі болып табылады. Яғни, бұл – әлемге ықпал етудің ғұрыптық әрекеті болған.

Мифтік жүйе, тотемизм және аңдық стиль. Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріндегі мифтік санасы тотемдік бейнелер жүйесімен сипатталады. Бұғы, таутеке, күзғын, қасқыр, жыртқыш аңдар бейнесі тек жануарлар дүниесінің өкілдері ретінде ғана емес, символикалық мән-мағынасы бар сакралды кейіпкерлер ретінде көрінді. Осы мәнмәтінде «аң стилі» (скиф-сібір бейнелеу өнері) – тек сәнді пішіндер жүйесі емес, сондай-ақ мифтерді, шежірелерді, шамандық тәжірибені жеткізетін визуалды тіл болып табылады.

Көптеген петроглифтік композицияларда жыртқыш аңның өз жемтігін жәукемдеу көріністері мифтік екіжақтылықты/дуальдылықты, құрбандықты немесе билік пен күш қатынастарын білдіретін визуалды код ретінде қызмет атқарады.

Әлеуметтік стратификация және мәртебелік таңбалар. Қарастырылып отырған кезеңдегі көшпелі қоғамдарда әлеуметтік иерархияның қалыптасуы айқын аңғарылады. Бұл феномен археологиялық материалдардан – әртүрлі деңгейдегі қорған құрылыстары, «патшалық» артефактілер, символикалық рәміздер – көрініс тапқан.

Таңбалар жүйесінде де әлеуметтік стратификация көрініс береді. Белгілі бір рәміздер мен сарындар ақсүйек, әскери немесе діни тап өкілдерін білдіретін мәртебелік белгілер ретінде қолданылған.

Мәселен, сүйек материалдарынан жасалған оюлы бұйымдар, қола белдік жиынтықтарындағы немесе қару-жарақтағы ерекше өрнектер, сирек кездесетін композициялар (қос бұғы, аңдар тайталасы) – бұлар әлеуметтік мәртебені визуалды түрде заңдастыру құралы болған.

Космологиялық құрылым және кеңістік бейнесі. Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріндегі тұрғындары үшін кеңістік тек табиғи орта ретінде емес, космологиялық құрылым ретіндегі күрделі мағыналық деңгейге ие болды.


Кеңістік үш деңгейлі модельде бейнеленді [6]:

- жоғарғы әлем – аспан символдары (күн, құстар);
- ортаңғы әлем – адамдар, аңдар, аңшылық көріністері;
- төменгі әлем – жыландар, жыртқыштар және «ойық» типтес белгілер.

Бұл құрылым петроглифтердің кеңістіктегі орналасуынан, композициялық шешімдерінен көрініс тапқан. Таңбалар мен бейнелер арасындағы иерархиялық құрылым дүниетанымдық кодты жеткізудің архетиптік пішіні ретінде қызмет еткен. Сонымен қатар, жекелеген сюжеттер мен символдар арқылы кеңістік тәртібі белгіленіп, сәйкесті белгілер визуалды жүйеге енгізілген.

3 Археологиялық дереккөздерді талдау: ескерткіштер, пішіндер, техника, белгілердің орналасу тәртібі

Ескерткіштерді таңдаудың негіздемесі. Биылғы археологиялық барлау-зерттеу жұмыстары жылдың екінші жартысына жоспарланғандықтан, есептік уақытта былтырғы далалық маусымда жинақталған археологиялық деректерге камералық талдаулар жасалды. Талдау үшін Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім, аудандарында орналасқан негізгі археологиялық кешендер таңдалды (сурет 1).



Сурет 1 – Шығыс Қазақстан облысы ерте көшпелілерінің таңба-белгілері (жартас суреттері) бар ескерткіштері

Бұл ескерткіштер жартас суреттерінің, жеке тас мүсіндердің, қорғанды ансамбльдердің және ғұрыптық әрекеттердің (құрбан шалатын орындар, ғұрыптық тастар, ойықтар) үйлесімінен тұрады.

Ескерткіштерді таңдаудың өлшемдері:

- белгілер мен символдық бейнелердің болуы;
- жарияланған немесе авторлық далалық деректердің бар болуы;
- географиялық репрезентативтілік пен хронологиялық сәйкестік.

1. Ұлан ауданынан анықталған ескерткіштер (сурет 2):

р/с	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері
1	<i>Шөже қорымы</i>	WGS1984 координаттары: 49°39'40.46"N 82°39'37.52"E
2	<i>Қарымсақ петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: 49°40'30,88"N 82°37'15,00"E WGS1984 координаттары: 49°40'34.01"N 82°37'1.19"E
3	<i>Қызылтас петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: 49°42'40.65"N 82°39'2.12"E
4	<i>Сағыр 3 петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: 49°43'30.31"N 82°39'40.13"E WGS1984 координаттары: 49°43'30.41"N 82°39'40.10"E WGS1984 координаттары: 49°43'27.79"N 82°39'43.98"E




Сурет 2. Ұлан ауданы ерте көшпелілерінің таңба-белгілері (жартас суреттері) бар ескерткіштері

2. Тарбағатай ауданынан анықталған ескерткіштер (сурет 3). Бұл жерде ерекше тоқтала кететін бір жайт – жүргізіліп отырған ғылыми жоба әзірленіп жатқан уақытта Шимайлы ескерткіші орналасқан жер әкімшілік-территориялық жағынан Тарбағатай ауданының құрамына кіретін [7]. Бірақ қазіргі уақытта Абай облысының құрамына бөлініп берілді. Бірақ бұл ескерткіш Алтай-Тарбағатай мәдени-тарихи белдеуінде жатқандықтан оны алып тастамай, мәнмәтін тұтастығы үшін бұрынғыша қалдыруды жөн көрдік.

р/с	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері
1	<i>Арғанаты петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: N 47°27'19.96", E 83°27'22.80"
2	<i>Маңырақ петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: N 47°24'09,95" E 83°53'20,10"

3	<i>Шимайлы петроглифтері</i>	WGS1984 координаттары: N 47° 41' 49,7"; E 081° 40' 25,2"
---	----------------------------------	--



Сурет 3. Тарбағатай ауданы ерте көшпелілерінің таңба-белгілері (жартас суреттері)
бар ескерткіштері

3. Катонқарағай ауданынан анықталған ескерткіштер (сурет 4).

р/с	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері
1	Жамбыл маңындағы петроглифтер	WGS1984 координаттары: N 49° 14' 47.81 E 086° 18' 21.20"
2	Майемер-Таңбалытас	WGS1984 координаттары: N 49° 10' 14,91", E 85° 01' 00,64"
3	Майемер-Тарлау	WGS1984 координаттары: N 49° 09' 53,38", E 85° 00' 27,82"
4	Майемер	WGS1984 координаттары: N 49° 10' 26,32", E 84° 59' 05,65"
5	Майемер-заимке	WGS1984 координаттары: N 49° 10' 38,37", E 85° 00' 23,32"

4. Күршім ауданынан анықталған ескерткіштер (сурет 5).

р/с	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері
1	<i>Доланалы</i>	WGS1984 координаттары: 48°35'52.02"N 83°56'23.90"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'40.86"N 83°56'20.17"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'31.63"N 83°56'16.95"E
2	<i>Түлкіне</i>	WGS1984 координаттары: 48°35'31.20"N 83°51'59.39"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'30.20"N 83°52'0.72"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'30.69"N 83°52'1.16"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'30.62"N 83°52'1.84"E

		WGS1984 координаттары: 48°35'30,33"N 83°52'1,56"E
		WGS1984 координаттары: 48°35'29.72"N 83°52'0.54"E
3	Мойнақ	WGS1984 координаттары: 48°36'47.64"N 83°51'53.10"E
4		WGS1984 координаттары: 48°36'46.79"N 83°51'54.60"E
5		WGS1984 координаттары: 48°36'46.20"N 83°51'56.64"E
6		WGS1984 координаттары: 48°36'44.78"N 83°51'56.69"E
7		WGS1984 координаттары: 48°36'40.81"N 83°51'56.46"E



Сурет 4. Катонқарағай ауданы ерте көшпелілерінің таңба-белгілері (жартас суреттері) бар ескерткіштері



Сурет 5. Күршім ауданы ерте көшпелілерінің таңба-белгілері (жартас суреттері)
бар ескерткіштері

Жинақтау/жалпылау: пішіндері, техникасы, орналасуы:

Өлшемдер	Сипаттама
Белгілердің пішіндері	шеңберлер, айқыштар, иректер, антропоморфтар, жануарлар, ойықтар, таңба тәрізді бейнелер
Негізгі сарындар/мотивтер	күнге табыну белгілері, жәукемдеу көріністері, тотемдер, шамандық бейнелер
Техникасы	қашау, сызу, ішінара – гравировка немесе бояу
Материалдары	Тас (сланец, гранит), ішінара – сүйек, керамика
Орналасуы	Жартастар, үңгірлер, қорғандар, киелі орындар, құрбандық аймақтары
Қызметтік/функционалдық аймақтары	Ғұрыптық, мемориалдық, ру-тайпалық, сакралды
Хронологиялық ауқымы	Б.д.д. I мыңжылдықтың басы (ілеспе материалдар мен ұқсастықтар негізінде)

4 Белгілер жүйесін талдау: құрылымы, қызметі, мифологиясы мен идеологиясы

Белгілер жүйесі – дүниетанымның көрінісі. Қазақ Алтайының ескерткіштерінде тіркелген белгілер – кездейсоқ немесе тек сәндік элементтер емес. Олар тұтастай алғанда, уақыт пен кеңістікті қабылдау, қоғам құрылымы, сенім жүйесі, адам мен киелі әлем арасындағы қатынас сияқты дүниетанымның негізгі қағидаларын бейнелейтін күрделі визуалды-коммуникативтік жүйені құрайды.

Белгілердің қасиетті нүктелерде (тауларда, үңгірлерде, ғибадат орындарында) орналасуы, олардың қайталануы мен композициялық байланысы – өзіндік ережелері, символдық кодтары мен функциялары бар тұрақты «белгілер тілінің» бар екенін аңғартады. Бұл ерте темір дәуірі мәдениеттеріне тән бейнелі ойлау жүйесі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Белгілердің негізгі түрлері мен қызметтері. Ескерткіштер материалдарын талдау негізінде келесі белгі түрлерін және олардың интерпретациялық функцияларын бөліп көрсетуге болады:

Белгі түрі	Мысалдары мен пішіндері	Болжамды қызметі/ функциясы
Күн бейнелері	Нүктелі шеңберлер, шеңбер ішіндегі крест, сәулелі розеткалар	Күнтізбелік, астральды-киелі
Ойықтар (нүктелі шұңқырлар)	Тастың бетіне түсірілген көп нүктелер	Құрбандық, есеп, рухтармен байланыс
Жәукемдеу көріністері	Жыртқыш пен құрбан, аңдар шайқасы	Мифология, билік пен құрбандық символикасы
Тотемдік жануарлар	Бұғы, тауешкі, бүркіт, гриф, қасқыр	Рулық символика, тұмар, ритуалдық мән
Антропоморфтар	Мүйізді адам, қолын жайған адам	Шаман, жауынгер, киелі бейне
Геометриялық, айқыш түрлері	Зигзагтар, ромбтар, ұштағандар	Кеңістік символикасы, күнтізбелік жүйе
Прототаңбалар	Қарапайым белгілер: V, ⊥, L, Λ	Рулық не жеке таңбалар

Бұл белгілер жеке дара емес, кешенді түрде әрекет етеді – әр элемент белгілі бір мағыналық жүктемеге ие күрделі композициялар түзеді. Әсіресе аңшылық, құрбандық, жұтылу секілді әрекет көріністері маңызды.

Мифтік сюжеттер мен визуалды баяндау. Ескерткіштерде тіркелген негізгі бейнелік мотивтер:

- Жәукемдеу көріністері (жыртқыштың құрбанды жұлмалауы) – құрбандық, соғыс, инициация рәсімі мен сакралдық тәртіпті бейнелейтін метафора. Бұл – қирату арқылы жаңғыру идеясының көрінісі.

- Бұғы не марал бейнесі – скиф-сақ аң стиліндегі ең тұрақты бейне. Әлемдер арасындағы делдал, күн рухының көрінісі, қайта туу символы ретінде түсіндіріледі.

- Бүркіт пен гриф – аспан күштері, жауынгердің немесе ата-бабаның рухын білдіруі мүмкін.

- Мүйіз және мүйізді адам – шамандық эмблема, сакралды түрлену мен рухани байланыс белгісі ретінде қарастырылады.

Осы көріністер арқылы мифология жазбаша мәтін түрінде емес, символикалық мағынаға жүктелген бейнелі эпос ретінде бейнеленеді.

Идеология және билік: белгілердің заңдастыру құралы ретіндегі рөлі. Қасиетті нысандарда, сүйек бұйымдарында, қару мен әшекейлерде бейнеленген белгілер мифтік бейнелеумен қатар, билікті идеялық заңдастыру функциясын да атқаруы мүмкін.

Мысалдар:

- Сүйек бұйымдардығы элиталық оюлар (мысалы, Берел қорғандарынан табылған) – шамандардың немесе әскери ақсүйектердің регалиясы болуы мүмкін.

- Ғибадат орындарына кіреберістегі тастардағы белгілер – киелі кеңістіктің шекарасын айқындайтын қорғаушы символдар.

- Қару ұстаған антропоморф бейнелері – харизматикалық көсемдіктің ерте визуалды коды.

Осылайша, визуалды белгілер жүйесі тек ғұрыптық емес, әлеуметтік-коммуникативтік құрал ретінде де жұмыс істеп, мәртебе мен бірегейлікті нығайтқан.

Кеңістік пен уақыт құрылымдары. Кейбір белгілер кеңістік координаттарын (шекаралар, дүниенің төрт бұрышы, киелі орталықтар) немесе уақыттық циклдерді (күн символдары, торлар, сәулелі шеңберлер) бейнелейді. Бұл белгілер арқылы ежелгі адамдар әлемді көрнекі үлгілер арқылы реттеуге тырысқанын көруге болады.

Кеңістік-уақыттық құрылымның мүмкін элементтері:

- шеңбер – әлемнің үлігісі;

- айқыш – дүниенің төрт бұрышы;

- шеңбер бойынша орналасқан ойықтар – ритуалдық есеп, күнтізбелік сипаты болуы да мүмкін;

- сызықтық композициялар – жол, шеру, өтпелі кезең символикасы.

Белгілер тек символ ғана емес, әлемді қабылдаудың визуалды сызбасы ретінде қызмет еткен. Сол арқылы көшпелілер өз өмір сүруін космологиялық тәртіпке сәйкестендірген.

Сабақтастық пен түрленіс: протобелгіден таңбаға дейін. Кейбір ескерткіштерде визуалды сарындардың эволюциясы көрінеді:

- бейберекет пиктограммалардан – реттелген композицияларға;
- қайталанатын белгілерден – тұрақты таңба тәріздес пішіндерге дейін.

Бұл протобелгілерді (сәулелі шеңбер, үштаған, қос ойық) кейінгі дәуірдегі таңба мәдениетінің бастамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Түркі кезеңіндегі таңбақолдану дәстүрі осы ежелгі көрнекі кодтарға негізделіп дамыған.

Яғни, таңба – рудың белгісі ғана емес, сонымен қатар ғарыштық жүйе мен ритуалмен сабақтасқан терең тарихи-мәдени құбылыс.

5 Қазақ Алтайы ескерткіштеріндегі символдық ойықтар: таңбалық жүйенің бастапқы үлгілері

Ағымдағы 2025 жылы Шығыс Қазақстандағы Ұлан ауданына қарасты Бестерек ауылы маңындағы Сарыжон қонысында жүргізілген алдын ала археологиялық барлау жұмыстары барысында бірегей нысан – бетінде ондаған шұңқыр тәрізді ойығы бар, куб тәрізді үлкен тас табылды (сурет 6). Бұл ойық белгілер тастың жоғарғы бетіне белгілі бір ретпен орналасқан және олар кездейсоқ пайда болған табиғи іздер емес, керісінше, мақсатты түрде бейнеленген, сакральды мән-мағынасы бар көрініс ретінде бағаланады.



Сурет 6. Ойықты тас. Сарыжон шоқысы, Бестерек ауылы маңы, Ұлан ауданы, Шығыс Қазақстан облысы. Оңтүстіктен Ақбауырға қараған көрінісі

Ойықтардың орналасу тәртібі, оларды байланыстыратын жіңішке жұлгелердің болуы, сондай-ақ тастың бетінде өңдеу іздерінің байқалуы – бұл нысанның қола дәуіріндегі культтік-ғұрыптық жүйенің құрамында қолданылған визуалды код болғанын көрсетеді. Ойықтар археологиялық мерзімделуі жағынан бірашама ертерек кезеңге тән болса да, олардың символдық маңызы тек осы кезеңмен шектелмейді. Бұл ойықтарды архаикалық визуалды тіл элементтері ретінде қарастыруға болады – олар кейінірек, ерте темір дәуірінде, Қазақ Алтайының көшпелілерінде дамып, жаңа мәнге ие болған болуы мүмкін.

Ойықтарды археологиялық және семиотикалық феномен ретінде қарастыруға бола ма деген заңды сұрақ туындайды. Жалпы, Шығыс Қазақстандағы көптеген ескерткіштерде ойық тәрізді белгілер кездеседі: Сартымбет, Ақбауыр, Доланалы,

Қарымсақ, Тарбағатай және т.б. Олар тік немесе көлбеу жартастарда, жеке жақпартастарда, қару-жарақ саптарында, стелаларда және үңгірлерде тіркелген. Кей жағдайларда олар петроглифтік композицияларға біріктірілген, ал кейбірінде – дербес символдық құрылым ретінде көрініс тапқан.

Пішіндік тұрғыдан алғанда, ойықтар дөңгелек, жиектері айқын, тереңдігі біркелкі – тұрақты пішінде кездеседі (сурет 7-8). Олар жеке, топталған, радиалды немесе сызықтық ретпен орналасады. Мұндай жүйелілік пен пішіннің қайталануы оларды мағыналық таңба ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.



Сурет7. Сарыжон шоқысының етегіндегі тастағы ойықтар, Бестерек ауылы маңы, Ұлан ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.



Сурет 8. Сарыжон шоқысының етегіндегі тастағы ойықтар. Бестерек ауылы маңы, Ұлан ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.

Ғұрыптық мәнмәтін және символдық қызмет. Бірқатар зерттеушілер ойықтардың пайда болуын құнарлылық, су культі, құрбандық шалу [8, с. 68–80; 9, с. 104–109] немесе астрономиялық бақылау рәсімдерімен байланыстырады [10, с. 209–210]. Мысал ретінде, кейбір зерттеулерде негізгі күн шығу-бату нүктелеріне бағытталған бақылау пункті ретінде қарастырылатын Сартымбет кешенін келтіруге болады. Мұнда күннің бағытына қатысты орналасқан ақ дақтар мен ойықтар визуалды бағдар жүйесінің элементтері болуы мүмкін.

Долаңалыда (Қалжыр өзені бойында), Тарбағатай жоталарында, Ақбауыр кешенінде кездесетін ойықтар культтік мәнмәтінде орналасқан және ғұрыптық тәжірибенің қолданыста болғанға ұқсайды. Ойықтардың үңгірлер, жартас шыңдары, құрбандық алаңдары сияқты киелі жерлерде орналасуы – бұл белгілердің діни-символдық кеңістікке кіріктірілгендігін айғақтайды.

Осыл тұрғыдан талғанда Усть-Нарымнан табылған қос ойықты сүйек қанжарға дейін тереңдеуге болады. Неолит дәуіріне жататын бұл бұйымдағы композицияны бинарлық таңбалардың ертедегі түрі деп санауға болады, бұл мотивтер кейінгі дәуір петроглифтеріндегі гантель немесе көз тәрізді белгілерге ұқсайды. Мұны тіпті қазақтың бертінгі «көз» таңбасына дейін тарқатуға әбден болады. Бұл таңба-белгілердің мән-мағынасы мен пішінінің ұзақ уақыт бойы сақталып, бір мәдени дәстүрден екіншісіне үздіксіз жалғасып отырғанын көрсетеді [11; 12].

Ойықтардың протобелгілік табиғаты және семиотикалық сабақтастық. Егер ойықтарды тек архаикалық белгілер ғана емес, сонымен қатар визуалды синтаксистің құрылымдық элементтері ретінде қарастырсақ, олардың болашақтағы таңбалар пішінінің бастапқы түрі екендігі анық байқалады. Қарапайымдылығы, қайталануы, ғұрыптық мәнмәтінде қолданылуы, сондай-ақ оларды сандық, астрономиялық немесе идентификациялық бірлік ретінде түсіндіру мүмкіндігі – ойықтарды таңбалық жүйенің «дәні» ретінде сипаттауға жол ашады.

Уақыт өте келе, мәдени өзгерістердің әсерінен бұл протопішіндер күрделене түседі. Қола мен ерте темір дәуірінің тоғысында сакральды қызметпен қатар, әлеуметтік-территориялық және саяси-коммуникативтік функция атқаратын композициялық таңбалар пайда болады – мысалы, таңбалар, пиктограммалар мен петроглифтік көріністер.

Осылайша, эволюцияның бірнеше сатысын көрсетуге болады:

1. Архаикалық таңба сатысы – ритуалдық мағынасы бар жеке және топтық лункалар.
2. Композициялық прототаңба сатысы – бинарлық, гантель және көз тәрізді мотивтер.

3. Таңбалық жүйе сатысы – күрделі мағыналық жүйелерді қамтитын таңбалар, пиктограммалар, символдық көріністер мен сызбалар.

Сабақтастық мысалдары: ойықтан жүйеге дейін.

Сарыжон: Куб тәрізді тастың үстіндегі ойықтар анық байқалып тұрған схемалық түрде ұйымдастырылған, бұл сандық немесе күнтізбелік логиканың бар екенін көрсетеді.

Кейбір ойықтар жүлгелермен қосылған – бұл визуалды синтаксистің алғашқы белгілерін еске салады.

Ақбауыр: Үңгірлердегі жазулар мен жартас бетінде орналасқан ойықтар саналы түрде бейнеленген. Ақбауыр III қонысының радиокөміртектік мерзімі (б.з.д. 1600 ж. шамасы) бұл ойықтардың қола дәуірінің соңына жататынын дәлелдейді.

Усть-Нарым: Сүйек қанжардағы белгі екі дәуірдің арасын жалғайды: ол ойық пішіндердің болашақ таңбалық жүйелердің құрылымына айналу процесін көрсетеді.

Осылайша, Шығыс Қазақстан ескерткіштеріндегі ойық тәрізді белгілер тек қола дәуірінің сакралды мәдениетінің архаикалық элементі ғана емес, сонымен қатар Қазақ Алтайы ерте көшпелілерінің визуалды тілі мен таңбалық жүйесінің протобелгілік негізі болып табылады. Олардың семиотикалық табиғаты, пішіндік тұрақтылығы, қайталануы және күрделі композицияларға бірігуі – кейінгі символдық жүйелердің құрылымдық элементі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ойықтар мен кейінгі таңбалық пішіндер арасындағы семиотикалық сабақтастық сакралдылық, циклдік уақыт пен ұжымдық болмыс ұғымына негізделген тұрақты визуалды дәстүрдің болғанын айғақтайды. Бұл зерттеу ежелгі көшпелілердің жазу алдындағы жүйелері мен шартты белгілерінің дамуындағы бастапқы кезеңдерді әрі қарай зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

6 Темір дәуірінің бейнелеу өнеріндегі образдық жүйені талдау: символика, мифология және идеологиялық кодтар

Б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Еуразия далаларында көшпелі мал шаруашылығына көшу, ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы мен әскери өмір салтына көшкен әлеуметтік құрылымдардың дамуына байланысты терең әлеуметтік-экономикалық және мәдени түрленістер орын алады. Бұл өзгерістер дүниетанымның негіздерін қозғайды және жаңа әлеуметтік рөлдер, діни түсініктер мен ұжымдық мифтер көрініс тапқан мәдениеттің визуалды тіліне әсер етеді.

Бұл дәуірдің негізгі көркем образдары отырықшы-егіншілік өмір салтының архаикалық модельдерінен көшпелі, мобилді, жауынгерлік қауымның мәдениетіне қарай идеологиялық қайта бағдарлану аясында қалыптасады. Бұрынғы таңбалық жүйелердің орнына жаңа бейнелер келеді: эротика, құнарлылық пен күнге табыну сюжеттері жойылып, олардың орнын қактығыстар, зорлық-зомбылық және қозғалыс көріністері басады [13, с. 148]. Визуалды репертуар батыр жауынгерлердің, жыртықштардың, қуатты әрі шапшаң жануарлардың және әртүрлі жануарлардың қасиеттерін біріктіретін синкреттік тіршілік иелерінің бейнелерінен тұрады. Бұл образдар – күш, жеңіс, билік пен рухани медиативтіліктің кодталған символдары.

Жаңа мәдени парадигмада *жауынгер тұлғасы* – қаруланған, қорғалған, идеалданған қауым өкілі – ерекше маңызға ие болады. Бұл бейне батыр-баба идеясының көрінісіне айналып, баяндаудың өзегіне айналады. Сонымен қатар жылқы образы да айрықша семантикалық жүк арқалайды. Ол шапшаңдықтың, құрбандықтың және әлемдер арасындағы делдалдықтың символы – күнмен байланысқан қасиетті жануар ретінде қабылданады. Алайда, қоғамдағы маңызды рөліне қарамастан, салт аттыға табыну зооморфтық бейнелермен салыстырғанда екінші дәрежелі сипатқа ие болады, себебі жануарлар символикасы ұжымдық мифологияда әлдеқайда терең әрі көпқабатты мәнге ие [14, с. 7-31].

Көшпелі әлемнің өзіндік эмблемасына айналған ақбөкен мен марал бейнесі визуалды символдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл бейне құрбандық, тазалық, жарық және әлемдік тәртіп идеяларымен байланыстырылады. Оның мүйізі тек күш пен биліктің белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар әлем ағашы, көкке шығатын саты және абыздық инициациямен байланысты күн-ғарыштық символ ретінде де түсіндіріледі. Бұл элементтер культтік атрибутикада – бақсылардың бас киімдерінде, жылқы бетперделерінде, жерлеу әшекейлерінде және басқа да сакралды нысандарда кеңінен қолданылады. Бұл бейне сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі салаларына – көмкеру,

аппликация, шекіме, ою арқылы еніп, тек эстетикалық емес, сакралды міндет атқарған [15, с. 252].

Жануарлардың шайқас мотивтері, жыртқыштардың шөпқоректі аңдарға шабуылы, сондай-ақ тең дәрежелі жануарлардың символикалық жекпе-жегі (мысалы, түйелер, қабандар, аюлар) кең таралып, дуализм, табиғат айналымы, мезгілдердің алмасуы, өмір мен өлімнің күресі секілді тұжырымдамаларды бейнелейді [16, с. 355]. Мұндай көріністерді мифтік көзқарастар тұрғысынан – жаратылыс туралы космогониялық акт, немесе құрбандық шалу рәсімі ретінде түсіндіруге болады. Бұл мәнмәтінде жыртқыш тек зорлық символы ғана емес, сонымен бірге киелі құбылыстың құралы – өту, қайта туу және әлемдік тәртіпті қалпына келтіру құралы ретінде көрінеді.

Кейбір көркем композициялар символдық мәннің өте жоғары деңгейімен ерекшеленеді: жануарлар бейнелерімен қатар бұрамалар, шиыршықтар мен басқа да белгілер кездесіп, олар аспанмен байланыс немесе таңдаулылықтың белгілері ретінде түсіндіріледі [17, с. 62]. Тотемизмнен бастап күнге табыну мен аспан күнтізбелеріне дейінгі әртүрлі интерпретациялар мифопоэтикалық ойлаудың көпқабаттылығы мен иконографиялық жүйелердің күрделілігін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер «жәукемдеу» сюжеттерін көктемгі күн мен түн теңелуінің метафорасы немесе зодиак дәуірлерінің ауысуы ретінде түсіндіре отырып, Таяу Шығыс дәстүрлерінің ықпалы туралы да айтады [18, с. 129–130].

Құс, тұяқты, жыртқыш және жорғалаушылардың қасиеттерін біріктіретін қиял-ғажайып тіршілік иелері бейнесі мифтік шиеленісті арттырып, мағыналық белгісіздік аймақтарын – әлемдердің түйісуін, күй-кешулердің өзгеруін, өтпелі пішіндер бейнелейді. Бұл бейнелер абыздар мен бақыстар культімен байланысты, олардың киімдері мен рәсімдері әлем құрылымын шағын түрде қайталап, ғарыш деңгейлері арасында тік қозғалысты білдіреді.

Осылайша, ерте темір дәуірінің көркем мұрасы көшпелі қоғамдағы социомәдени өзгерістерден туындаған визуалды ойлаудың терең түрленісін көрсетеді. Ол дүниенің, биліктің, уақыттың, өмір мен өлімнің мәнін бейнелейтін, символдық мазмұнға бай, көпқабатты образдар жүйесін қалыптастырды. Бұл визуалды конструкциялар тек сәндік элемент немесе баяндау құралы ғана емес, сонымен бірге қасиетті білімді, ұжымдық жадыны және этномәдени бірегейлікті кодтаудың және жеткізудің құралы ретінде қызмет етті.

7 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу жұмыстары

Белгілер жүйесі көне қоғамдардың мәдениеті мен әлеуметтік құрылымын түсінудегі басты кілттердің бірі болып табылады. Еуразия далаларындағы көшпелі тайпаларда, соның ішінде Қазақ Алтайы аумағында мұндай жүйелер таңба, өрнек, символ және пиктографиялық бейнелер түрінде көрініс табады. Бұл визуалды кодтар тек этникалық және ру-тайпалық сәйкестікті білдірумен шектелмей, сакралды, құқықтық және басқарушылық мағынаға да ие болған. Демек, олар көне көшпелілердің дүниетанымы, әлеуметтік иерархиясы мен саяси институттарымен тығыз байланыста дамыған, тарихи жағынан тұрақты әрі құрылымдық семиотикалық жүйе ретінде сипатталады.

Қазақ Алтайы осы тұрғыда ерекше ғылыми қызығушылық тудыратын аймақ болып табылады. Бұл өңір тек археологиялық ескерткіштердің тығыз шоғырлануымен ғана емес, сондай-ақ қола дәуірінен бастап ерте ортағасырларға дейін үздіксіз жалғасқан мәдени дәстүрлерімен де ерекшеленеді. Мұнда әртүрлі археологиялық кешендерде қашау, ойып салу немесе бояу арқылы бейнеленген таңбалар жиі кездеседі. Олардың типологиялық және символдық тұрақтылығы ежелгі көшпелі қоғамдарда дамыған күрделі таңбалық жүйенің болғанын айғақтайды. Мұндай белгілер тас мүсіндерде, құлпытастарда, қару-жарақ пен ат әбзелдерінде, керамикада және жартастағы бейнелерде кеңінен таралған.

Көшпелілердің визуалды кодтарын зерттеу қазіргі кезеңде пәнаралық тәсілді қажет етеді. Бұл бағытта археология, этнография, семиотика, тарихи антропология, өнертану және құқық тарихы сияқты ғылыми салалар тоғысады. Осыған байланысты, таңбаларды тіркеу, талдау және интерпретациялаудың әдіснамалық негіздерін жүйелеу, сондай-ақ зерттеу принциптері мен тәсілдерін қалыптастыру аса өзекті ғылыми міндет болып отыр.

Бұл әдістемелік ұсыным Қазақ Алтайындағы көне көшпелілердің таңбалық жүйесін кешенді, ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыда тиімді зерттеу тәсілдерімен қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынымдар отандық және шетелдік ғылыми жетістіктерді, сондай-ақ осы өңірде жүргізілген далалық және камералдық зерттеулердің нақты тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Ерекше назар таңбаларды далалық және камералдық тіркеуге, олардың семантикасы мен мәнмәтінін талдауға, жіктеу мен типтеуге, сондай-ақ олардың көшпелі қоғамдағы әлеуметтік, құқықтық және сакралды қызметтерін интерпретациялауға аударылған.

Әдістемелік ұсыным археология, тарих, этнология салалары бойынша мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің мәдени мұрасы мен таңбалық жүйелеріне қызығушылық танытатын зерттеушілерге арналған.

Терминологиялық анықтамалар мәселесі. Қазақ Алтайы ерте көшпелілеріне тән таңба-белгілерді зерттеуді бастамас бұрын, алдымен ұғымдық шекараларды нақты айқындап, негізгі терминдерді анықтап алу қажет болды. Жалпы, таңба – көпқырлы мәдени құбылыс. Ол «белгі», «символ», «өрнек» және «стиль» ұғымдарының тоғысында орналасқан. Осы әдістемелік ұсыным шеңберінде біз негізгі түсініктерді пәнаралық тәсіл негізінде айқындауды мақсат етеміз.

Белгі мен символ. Белгі – бұл басқа бір нысанды, оның қасиетін немесе арақатынасын алмастыратын не білдіретін, сезіммен қабылданатын объект. Белгі – ақпаратты (білімді, хабарды, бейнені) қабылдау, сақтау, өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын құрал.

Белгі мынадай сипаттарда көрініс табуы мүмкін: өзге бір нысанның, құбылыстың немесе ұғымның орнына қолданылатын материалдық нысан (жәдігер); адамдардың жеке немесе қоғамдық мәні бар ақпаратты белгілеп, бағалап және жеткізетін мәдениеттің негізгі құралы; символ, көркем бейне, мәдени код сияқты күрделі жүйелердің құрылымдық элементі.

Семиотикада белгі – нақты бір мәнмен (денотатпен) байланысты материалдық тасымалдаушы. Ол сөз, бейне, зат немесе графикалық таңба түрінде көрінуі мүмкін және ақпарат жеткізу құралы ретінде қызмет етеді [19].

Символ (грек. symbolon – белгі, нышан) – әлеуметтік-мәдени таңба, оның мазмұны тікелей логикалық тәсілмен емес, интуиция арқылы ұғынылатын идеяны білдіреді және толыққанды вербалды (сөздік) жолмен жеткізілуі мүмкін емес.

Символ – мәдениеттегі әмбебап категория, ол заттық бейне мен оның терең мағыналық мазмұнының арасындағы сәйкестік арқылы ашылады.

Символ ұғымы бірнеше мағынада қолданылады: қандай да бір ұғымды, идеяны немесе бейнені шартты түрде білдіретін зат, әрекет және т.б.; белгілі бір идеяны бейнелі түрде жеткізетін көркем образ; нақты бір әлеуметтік топтың мүшелеріне тән танымдық белгіні білдіретін шартты материалдық таңба.

Жасанды формальданған тілдерде символ – таңбамен баламалас ұғым ретінде қарастырылады.

Мәдениеттегі символ түсінігі күрделі және қосарлы сипатқа ие, ол оның белгіден айырмашылығынан көрінеді.

Негізгі айырмашылығы – символ нысанды тікелей көрсетпейді. Белгі заттың өзіне емес, әдетте онымен байланысты абстрактылы мағынаға (немесе бірнеше мағынаға) жалпы реакция тудырғанда таңбаға айналады.

Таңба – ерекше белгілер жүйесі. Таңба – көшпелі қоғамдарда ру-тайпалық тектестікті, меншікті, құқықтық мәртебені және кейде діни-ғұрыптық мағына-мазмұнды білдіретін графикалық таңба. Археологиялық деректерде таңбалар келесі материалдарда кездеседі:

- тас мүсіндер мен ескерткіш тақталарда;
- жартастарда (петроглифтер түрінде);
- қола және темір бұйымдарда (қару-жарақ, әшекейлер, тұрмыстық заттар);
- қыш және сүйек заттарда; малға салынған таңбаларда;
- қоса жерлеу заттарында.

Таңба бірнеше қызметті қатар атқарады: идентификациялық (ру, тайпа), ақпараттық (жер иелігі, меншік), коммуникациялық (одақтар, келісімдер), ғұрыптық (билік нышандары, құрбандық белгілері) және құқықтық (жайылым иелену, мұрагерлік, некелік құқықтар) [20].

Өрнек пен таңбаның арақатынасы. Таңбалар өрнектік элементтермен жиі ұштасып отырады, ол әсіресе сәндік-қолданбалы өнерде орын алатын жағдай. Дегенмен олардың арасында түбегейлі айырмашылық бар:

Өрнек – эстетикалық мақсатта қолданылатын, қайталанатын композициялық құрылым.

Таңба – жеке, мағыналық жүктемесі бар ақпараттық таңба. Ол әдетте даралана қолданылады және өрнек жолағына кіріктірілмейді.

Алайда екі құрылымның өзара әсері де жоқ емес: кейбір таңбалар өрнекке ұқсастырылып, сәндік мәнге ие болады, ал өрнектер құрамында таңба пішіндес элементтер қайталанып отыруы мүмкін (мысалы, тоқыма немесе зергерлік бұйымдарда).

Стиль және таңбалар жүйесі. Көшпелілер мәдениетіндегі стиль ұғымы – көркемдік-композициялық және семиотикалық белгілердің тұрақты жиынтығын білдіреді. Осы мәнмәтінде аң стилі мен таңбалар жүйесі – бір-біріне параллель дамыған, өзара ықпалдасқан таңбалық құрылымдар.

Аң стилі көбінесе көркемдік-ғұрыптық функцияларды атқарса, таңбалар әлеуметтік-құқықтық және саяси коммуникацияда шешуші рөл ойнады.

8 Аң стилі – Қазақ Алтайы көшпелілерінің ерекше таңбалық-коммуникативтік жүйесі

Еуразия далаларының тарихындағы бір жарым мыңжылдықты қамтыған кең кезең – б.з.д. I мыңжылдықтан б.з. I мыңжылдығының басына дейін – бірегей көркемдік жүйенің өркендеуімен ерекшеленеді. Бұл жүйе ғылымда «аң стилі» деген атауға ие болды. Ол тек сәндік-әшекейлік бағыт қана емес, көшпелілердің дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын, сакралды және тұрмыстық болмысты бейнелейтін визуалды тілдің ерекше түрі ретінде қызмет атқарды. Көшпелі халықтардың көпшілігінде жазу болмаған жағдайда бұл стиль эстетикалық қана емес, ақпараттық, идентификациялық, тіпті құқықтық құралға айналды. Археологиялық, тарихи-мәдени және семиотикалық деректер аң стилінің далалық қоғамдардың күнделікті және ғұрыптық өміріне терең енгенін көрсетеді. Әшекейлерде, қару-жарақта, ат әбзелдерінде, бас киімдер мен ғұрыптық бұйымдарда, әсіресе жартастағы бейнелер мен тас мүсіндерде (оның ішінде атақты бұғытастарда) бұл стиль кеңінен көрініс тапты. Осы жәдігерлерде зооморфтық кодтар арқылы әлемді жүйелеудің көрінісі байқалады [15, с. 137].

Аң стилінің басты мотивтеріне жыртқыштар, тұяқтылар, құстар және мифтік тіршілік иелерінің бейнелері жатады. Бұл бейнелерде ерекше атрибуттар – тырнақ, мүйіз, тұмсық, көз және бұлшық еттер – айрықша бөлініп көрсетіледі. Зооморфтық кескіндер қалыптасқан канондарға сай стильдендірілген: денесін дөңгелек етіп бүккен аң, «ұшып бара жатқан» бұғы, қанатын жайған құс. Мұндай бейнелер – мағынасы орныққан символдардан құралған өзіндік визуалды мәтіндер, күш пен киенің, әлеуметтік дәреженің таңбалары, бойтұмарлар ретінде қарастырылады [15, с. 137–138].

Бұл таңбалық-коммуникативтік жүйенің өзегінде мифопоэтикалық дүниетанымдағы әлемдік ағаш ұғымы негізінде қалыптасқан үш әлем туралы түсінік жатыр. Жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлемдер символикалық тұрғыдан тиісінше құстар, шөпқоректілер мен жыртқыштар арқылы бейнеленеді. Бұл үштік жүйе тек мифологиядан емес, нақты жәдігерлерден – бас киімдерден, қару-жарактың сабынан, белдіктерден, жартастағы композициялардан да көрінеді.

Шығыс Қазақстандағы өтпелі кезең мен ерте сақ дәуіріне жататын петроглифтер – Мойнақ, Зевакино, Майемер сынды кешендері – аңдық стильдің осы зооморфтық жүйесін бейнелейтін маңызды дереккөздер болып табылады. Осы ескерткіштерде жиі кездесетін «құс тәрізді» немесе «тұмсықты бұғы» бейнесі зерттеушілер тарапынан жоғарғы әлемнің эмблемасы әрі үш әлем арасындағы байланысты жүзеге асыратын шамандық рух иесі ретінде қарастырылады. Мүйізсіздігі, мойын мен тұмсықтың ұзартылып берілуі, көздің орнитоморфтық бейнеленуі – бұл бейненің сакралдық сипатын көрсетеді. Жыртқыш

андардың шөпқоректілерді шайнап жатқан көріністері әлемнің космогоникалық құрылымы мен дуалистік табиғатын бейнелейді: бұл – тәртіп пен хаостың, жақсылық пен зұлымдықтың мәңгілік күресі. Мұндай бинарлық оппозиция тек жартастағы бейнелерде ғана емес, қолданбалы өнерде – қола мен темірден жасалған ақинақтарда, гориттерде, ауыздық әшекейлерінде және төс әшекейлерінде де кездеседі.

Берел мәдениетінің орта кезеңіне (б.з.д. V–IV ғғ.) жататын реалистік және өрнектелген-стильдендірілген жануар бейнелері символикалықтан ғұрыптық-көркемдік функцияға өту процесін көрсетеді. Бұл кезеңде бейнелердің сыртқы пішіні қарапайымдалып, композициялар қолданбалы сипат ала бастағанымен, кодтық мән-мағынасы сақталып қалады. Спиральды бұраулар, жолақтар, үшбұрышты өрнектер көшпелілер мәдени шеңберінде ұғынылатын танымал элементтер болып қала береді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, қару-жарақтардағы бейнелерді кешенді түрде талдау аса маңызды. Қанжарда, балтада, шекпенде және горитте бейнеленген зооморфтық фигуралар – жыртқыш құстар, грифондар, мысық тектестер – затқа магиялық сипат дарытып, иесіне күш, ептілік, шабуылшылдық қасиеттерін телиді. Сағырдан табылған соғыс көрінісі бейнеленген ерекше композиция қару асыну тәсілдерін, қалқан пішінін және жаяу жауынгерлердің шайқас тактикасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жауынгердің бейнесін және әскери салттарды қалпына келтіру үшін жабдық жабдық элементтері – қорамсақ, горит, белдік, мүйізді немесе қауырсынды бас киімдер, тұрмыстық және ғұрыптық әшекейлер де назарда болуы керек. Олардың петроглифтік иконографиялық талдауы арқылы көне салт-дәстүрдің реалистік тәсілден символикалыққа, ал кейін қайтадан нақты сипатқа өту үрдістерін кезең мен аймақ ерекшелігіне байланысты бақылауға болады.

Осылайша, аң стилі – жай ғана көркемдік бағыт емес, тұтас таңбалық-коммуникативтік жүйе. Жазудың жоқтығына қарамастан, бұл жүйе көшпелі қоғамда әлеуметтік, сакралдық, құқықтық ақпаратты тасымалдаудың қуатты құралына айналды. Зооморфтық бейнелер арқылы руға, әскери сословиеге, шамандық культке және киелі білімге қатыстылық білдірілді. Қазақ Алтайы аумағында жұмыс істейтін археолог үшін аң стилі таңбалар жүйесі ретінде ұғыну – бейнелерді сипаттаудан олардың мағынасын ашуға, яғни көшпелілердің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және символикалық бағдарларын қайта құруға мүмкіндік береді. Сондықтан аң стиліне жататын нысандарды зерттеу – тек жәдігерлерді тіркеу ғана емес, бүкіл бір өркениеттің визуалды тілінің құпиясын ашатын үдеріс болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«BR22082478 Қазақ Алтайының ерте темір дәуірі мәдениеттеріндегі белгілер жүйесі» бағдарламасы бойынша б.д.д. I мыңжылдықтың басындағы Қазақ Алтайының таңба тәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша негізгі деректер базасын қалыптастыру жұмыстары аяқталды. Мәліметтер музейдің <https://berel-museum.kz/> ресми парақшасында «Мәліметтер базасы», «База данных», «Data base» атауымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қол жетімді. Мәліметтер базасына Шығыс Қазақстан облысы Ұлан, Тарбағатай, Катон Қарағай, Күршім аудандарындағы ерте-көшпелілердің таңба-белгілері бар жылжымайтын/тұрақты ескерткіштерінің (петроглифтердің) орналасқан жері, бетіндегі бейнелері туралы мәліметтер келтірілген, ғылыми түрдегі сандық көшірмелері берілген.

Жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес, *«Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным»* әзірленді. Бұл ұсыным Қазақ Алтайындағы көне көшпелілердің таңбалық жүйесін кешенді, ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыда тиімді зерттеу тәсілдерімен қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынымдар отандық және шетелдік ғылыми жетістіктерді, сондай-ақ осы өңірде жүргізілген далалық және камералдық зерттеулердің нақты тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Ерекше назар таңбаларды далалық және камералдық тіркеуге, олардың семантикасы мен мәнмәтінін талдауға, жіктеу мен типтеуге, сондай-ақ олардың көшпелі қоғамдағы әлеуметтік, құқықтық және сакралды қызметтерін интерпретациялауға аударылған.

Әдістемелік ұсыным археология, тарих, этнология салалары бойынша мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің мәдени мұрасы мен таңбалық жүйелеріне қызығушылық танытатын зерттеушілерге арналған.

Сондай-ақ, жобаның зерттеу тобының телавторлығымен төмендегідей ғылыми мақалалар әзірленіп баспаға жіберілді:

- 1 *Знаки и символы в изобразительных памятниках Казахского Алтая;*
- 2 *Традиция приемственности государственных штандартов и вооружений саков, гуннов и тюрков.*

Бағдарламалық жобаны жүзеге асыру ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайы аумағындағы белгілер жүйесі ежелгі көшпелілердің дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы және сакралдық тәжірибесін бейнелейтін тұтас визуалды кешен екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Негізгі тұжырымдар:

1. Белгілер жай ғана кездейсоқ бейнелер емес, олар тұрақты визуалды-коммуникативтік жүйенің элементтері болып табылады. Олар қасиетті кеңістікті белгілеу құралы, рәсімдік коммуникацияның тәсілі, сәйкестендіру мен биліктің символдық көрінісі ретінде қызмет атқарған.

2. Типологиялық талдау нәтижесінде бірнеше қайталанатын мотивтер айқындалды: күн тәрізді шеңберлер, ойықтар, жәукемдеу көріністері, тотемдік жануарлар, геометриялық белгілер, сондай-ақ таңбаға ұқсас ерте символдар. Әрбір топ белгілі бір функционалдық және идеологиялық жүктемені арқалаған – қорғаушы, рәсімдік немесе әлеуметтік мәртебені білдіруші қызметтер атқарған.

3. Белгілердің орналасуы мен орындалу техникасы олардың рәсімдік сипатта жасалғанын көрсетеді: олар көбіне киелі аймақтарда — жартас бетінде, үңгірлерде, құрбандық алаңдарының маңында орналасқан. Қолданылған техникаларға — оймалау, қашау жатады, трасологиялық әдістерқұрал іздері бар екендігін байқатып отыр.

4. Мифтік құрылым аңшылық көріністерін, жәукемдеу сәттерін, шамандар мен тотемдердің бейнелерін қамтиды. Бұл көріністер әлем құрылысы, уақыт айналымы, рухтар иерархиясы мен билік жайлы ортақ түсініктерді бейнелейді.

5. Визуалды тіл наным-сенімдердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік реттеудің тетігі ретінде қызмет етті: белгілер арқылы рулық тиесіліктер, сакралды құқықтар мен қоғамдағы мәртебе заңдастырылды.

6. Пиктографиялық бейнелерден протобелгілерге, одан әрі таңбаларға көшу визуалды кодтың біртіндеп дамуын көрсетеді. Бұл жүйе кейінірек түркі дәуіріндегі рулық белгілер жүйесінің негізіне айналды.

Осылайша, ерте темір дәуірінің белгілер жүйесі Қазақ Алтайының ежелгі халқының менталитетін, мифологиясын және әлеуметтік құрылымын қалпына келтіруде маңызды дерек көзі болып табылады. Бұл жүйені зерттеу өткенді тек археологиялық тұрғыдан ғана емес, мәдени-антропологиялық және семиотикалық көзқарастар арқылы да зерделеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лотман Ю.М. Символ в системе культуры / Ю. Лотман // Труды по знаковым системам. 21 (Ученые записки Тартуского университета. Вып. 754). Тарту: Тартуский государственный университет, 1987. С. 10–22.
- 2 Пирс Ч.С. Избранные философские произведения. Пер. с англ. / Перевод К. Голубович, К. Чухрукидзе, Т. Дмитриева. М: Логос, 2000. 448 с.
- 3 Леви-Строс К. Структурная антропология / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2001. 512 с.
- 4 Самашев З., Ермолаева А., Куц Г. Қазақ Алтайының көне қазыналары. Алматы: Өнер, 2008. 200 б.
- 5 Акишев А. К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.
- 6 Раевский Д.С. Скифский звериный стиль – символическая знаковая система, предназначенная для описания мироздания // Мировая художественная культура. Древний Египет. Скифский мир: Хрестоматия / Сост. И. А. Химик. СПб.: Издательство «Лань», 2004. 800 с. (Мир культуры, истории и философии). С. 739–761.
- 7 Самашев З. Шимайлы – новое местонахождение петроглифов в Восточном Казахстане // Изобразительные и технологические традиции ранних форм искусства (2) М.; Кемерово, 2019. Труды САИПИ. Вып. XII. С. 301–315.
- 8 Кубарев В.Д. Чашечные камни Алтая // Материалы по археологии Горного Алтая.- Горно-Алтайск, 1986. С.68–80.
- 9 Марьяшев А.Н., Потапов С.А. Камни с чашевидными углублениями из Семиречья // Истори и археология Семиречья. Сборник статей и публикаций.- Алматы, 1999.- С.104-109.
- 10 Марсадолов Л. С., Дмитриева Н. В., Иконников В. А . Первые палеоастрономические исследования на святилище у горы Монастыри на Западном Алтае // Народы и религии Евразии, т. 2, вып. 2, 1. С. 207–218.
- 11 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху неолита и бронзы (результаты археологических исследований) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук.- М., 1970. 59 с.
- 12 Самашев З. С. Вкладышевый кинжал эпохи неолита из поселения Усть-Нарым на р. Иртыш // СибСкрипт. 2023. Т. 25. № 6. С. 735–748.
- 13 Горяев В.С. «Сцены соития» и историческая ситуация в степях Евразии// Международная конференция по первобытному искусству. Тезисы докладов. Кемерово, 1998. С.147–148.

14 Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири//АСГЭ. Вып.3. Л., 1961. С.7–31.

15 Самашев З.С. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник: Центральной Азии: дис. ... док. ист. наук: 07.00.06. – Алматы, 2010. – 345 с.

16 Полидович Ю.Б. Хищник и его жертва: выражение круговорота жизни и смерти средствами скифского зооморфного кода//Структурно-семиотические исследования в археологии. Том 3. Донецк, 2006. С.355–398.

17 Кузьмина Е.Е. Скифское искусство как отражение мировоззрения одной из групп индоиранцев // Скифо-сибирский звериный стиль в искусстве народов Евразии. М., 1976. С. 52–65.

18 Королькова Е.Ф. Звериный стиль Евразии. Искусство племен Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. СПб.: Петербургское востоковедение., 2006. 272с.

19 Кононенко, Б. И. Большой толковый словарь по культурологии. М.: Вече: АСТ, 2003. 511 с.

20 Рогожинский А.Е. Знаки идентичности (тамга) и памятники тамгопользования в Казахстане: древность, Средневековье и Новое время // Археология Казахстана. – 2019. – №3(5). – С. 99-121.

1 Лотман Ю.М. Символ в системе культуры / Ю. Лотман // Труды по знаковым системам. 21 (Ученые записки Тартуского университета. Вып. 754). Тарту: Тартуский государственный университет, 1987. С. 10–22.

2 Пирс Ч.С. Избранные философские произведения. Пер. с англ. / Перевод К. Голубович, К. Чухрукидзе, Т. Дмитриева. М: Логос, 2000. 448 с.

3 Леви-Строс К. Структурная антропология / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2001. 512 с.

4 Самашев З., Ермолаева А., Куш Г. Қазақ Алтайының көне қазыналары. Алматы: Өнер, 2008. 200 б.

5 Акишев А. К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.

6 Раевский Д.С. Скифский звериный стиль – символическая знаковая система, предназначенная для описания мироздания // Мировая художественная культура. Древний Египет. Скифский мир: Хрестоматия / Сост. И. А. Химик. СПб.: Издательство «Лань», 2004. 800 с. (Мир культуры, истории и философии). С. 739–761.

7 Самашев З. Шимайлы – новое местонахождение петроглифов в Восточном Казахстане // Изобразительные и технологические традиции ранних форм искусства (2) М.; Кемерово, 2019. Труды САИПИ. Вып. XII. С. 301–315.

8 Кубарев В.Д. Чашечные камни Алтая // Материалы по археологии Горного Алтая.- Горно-Алтайск, 1986. С.68–80.

9 Марьяшев А.Н., Потапов С.А. Камни с чашевидными углублениями из Семиречья // Истори и археология Семиречья. Сборник статей и публикаций.- Алматы, 1999.- С.104-109.

10 Марсадалов Л. С., Дмитриева Н. В., Иконников В. А . Первые палеоастрономические исследования на святилище у горы Монастыри на Западном Алтае // Народы и религии Евразии, т. 2, вып. 2, 1. С. 207–218.

11 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху неолита и бронзы (результаты археологических исследований) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук.- М., 1970. 59 с.

12 Самашев З. С. Вкладышевый кинжал эпохи неолита из поселения Усть-Нарым на р. Иртыш // СибСкрипт. 2023. Т. 25. № 6. С. 735–748.

13 Горяев В.С. «Сцены соития» и историческая ситуация в степях Евразии// Международная конференция по первобытному искусству. Тезисы докладов. Кемерово, 1998. С.147–148.

14 Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири//АСГЭ. Вып.3. Л., 1961. С.7–31.

15 Самашев З.С. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник: Центральной Азии: дис. ... док. ист. наук: 07.00.06. – Алматы, 2010. – 345 с.

16 Полидович Ю.Б. Хищник и его жертва: выражение круговорота жизни и смерти средствами скифского зооморфного кода//Структурно-семиотические исследования в археологии. Том 3. Донецк, 2006. С.355–398.

17 Кузьмина Е.Е. Скифское искусство как отражение мировоззрения одной из групп индоиранцев // Скифо-сибирский звериный стиль в искусстве народов Евразии. М., 1976. С. 52–65.

18 Королькова Е.Ф. Звериный стиль Евразии. Искусство племен Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. СПб.: Петербургское востоковедение., 2006. 272с.

19 Кононенко, Б. И. Большой толковый словарь по культурологии. М.: Вече: АСТ, 2003. 511 с.

20 Рогожинский А.Е. Знаки идентичности (тамга) и памятники тамгопользования в Казахстане: древность, Средневековье и Новое время // Археология Казахстана. – 2019. – №3(5). – С. 99-121.

ҚОСЫМША А.

Қазақ алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік
ұсыным (археологтар үшін)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ**

МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ

«БЕРЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

**ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІН
ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

археологтар үшін

Әдістемелік ұсыным «BR2208Q478 Қазақ Алтайының ерте темір дәуірі мәдениеттеріндегі
белгілер жүйесі» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру-ғылыми жобасы аясында әзірленген.

Жоба жетекшісі:
PhD докторы С.Қ. Самашев

КАТОНҚАРАҒАЙ ауылы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	4
1 Терминологиялық анықтамалар мәселесі.....	4
2 Скиф-сібірлік иң стилі – Қазақ Алтайы көшпелілерінің ерекше таңбалық- коммуникативтік жүйесі.....	6
3 Археологиядағы таңбаларды интерпретациялау тәсілдері (құрылымдық- семиотикалық, мәнімәтіндік, салыстырмалы-типологиялық.....	8
4 Визуалды белгілерді (таңбаларды) далалық және камералық тіркеу әдістемесі.....	10
5 Таңбаларды каталогтау және цифрлық өңдеу: деректер базасын құру.....	13
ҚОРЫТЫНДЫ.....	15
ҰСЫНЫЛАТЫН ӨДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	16

КІРІСПЕ

Белгілер жүйесі көне қоғамдардың мәдениеті мен әлеуметтік құрылымын түсінудегі басты кілттердің бірі болып табылады. Еуразия далаларындағы көшпелі тайпаларда, соның ішінде Қазақ Алтайы аумағында мұндай жүйелер таңба, өрнек, символ және пиктографиялық бейнелер түрінде көрініс табады. Бұл визуалды кодтар тек этникалық және ру-тайпалық сәйкестікті білдірумен шектелмей, сакралды, құқықтық және басқарушылық мағынаға да ие болған. Демек, олар көне көшпелілердің дүниетанымы, әлеуметтік иерархиясы мен саяси институттарымен тығыз байланыста дамыған, тарихи жағынан тұрақты әрі құрылымдық семиотикалық жүйе ретінде сипатталады.

Қазақ Алтайы осы тұрғыда ерекше ғылыми қызығушылық тудыратын аймақ болып табылады. Бұл өңір тек археологиялық ескерткіштердің тығыз шоғырлануымен ғана емес, сондай-ақ қола дәуірінен бастап ерте ортағасырларға дейін үздіксіз жалғасқан мәдени дәстүрлерімен де ерекшеленеді. Мұнда әртүрлі археологиялық кешендерде қашау, ойып салу немесе бояу арқылы бейнеленген таңбалар жиі кездеседі. Олардың типологиялық және символдық тұрақтылығы ежелгі көшпелі қоғамдарда дамыған күрделі таңбалық жүйенің болғанын айғақтайды. Мұндай белгілер тас мүсіндерде, құлпытастарда, қару-жарақ пен ат бөзедерінде, керамикада және жартастағы бейнелерде кеңінен таралған.

Көшпелілердің визуалды кодтарын зерттеу қазіргі кезеңде панаралық тәсілді қажет етеді. Бұл бағытта археология, этнография, семиотика, тарихи антропология, өнертану және құқық тарихы сияқты ғылыми салалар тоғысады. Осыған байланысты, таңбаларды тіркеу, талдау және интерпретациялаудың әдіснамалық негіздерін жүйелеу, сондай-ақ зерттеу принциптері мен тәсілдерін қамтитыру аса өзекті ғылыми міндет болып отыр.

Бұл әдістемелік ұсыным Қазақ Алтайындағы көне көшпелілердің таңбалық жүйесін кешенді, ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыда тиімді зерттеу тәсілдерімен қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынымдар отандық және шетелдік ғылыми жетістіктерді, сондай-ақ осы өңірде жүргізілген далалық және камералдық зерттеулердің нақты тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Ерекше назар таңбаларды далалық және камералдық тіркеуге, олардың семантикасы мен мәнін талдауға, жіктеу мен типтеуге, сондай-ақ олардың көшпелі қоғамдағы әлеуметтік, құқықтық және сакралды қызметтерін интерпретациялауға аударылған.

Әдістемелік ұсыным археология, тарих, этнология салалары бойынша мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің мәдени мұрасы мен таңбалық жүйелеріне қызығушылық танытатын зерттеушілерге арналған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

I Терминологиялық анықтамалар мәселесі

Таңбалардың мәні мен қыметтерін дұрыс түсіну үшін ұғымдық шекараларды нақты айқындап, негізгі терминдерді анықтау қажет.

Таңба – қоғамдағы мәдени құбылыс. Ол «белгі», «символ», «өрнек» және «стиль» ұғымдарының тоғысында орналасқан. Осы әдістемелік ұсыным шеңберінде біз негізгі түсініктерді пәнаралық тәсіл негізінде айқындауды мақсат етеміз.

Белгі мен символ. Белгі – бұл басқа бір нысанда, оның қасиетін немесе арақатынасын алмастыратын не білдіретін, сезіммен қабылданыатын объект. Белгі – ақпаратты (білімді, хабарды, бейнені) қабылдау, сақтау, өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын құрал.

Белгі мынадай сипаттарда көрініс табуы мүмкін: өзге бір нысанның, құбылыстың немесе ұғымның орнына қолданылатын материалдық нысан (жадігер); адамдардың жеке немесе қоғамдық мәні бар ақпаратты белгілеп, бағалап және жеткізетін мәдениеттің негізгі құралы; символ, көркем бейне, мәдени код сияқты күрделі жүйелердің құрылымдық элементі.

Семиотикада белгі – нақты бір мәнімен (денотатпен) байланысты материалдық тасымалдаушы. Ол сөз, бейне, зат немесе графикалық таңба түрінде көрінуі мүмкін және ақпарат жеткізу құралы ретінде қызмет етеді.

Символ (грек. *symbolon* – белгі, нышан) – әлеуметтік-мәдени таңба, оның мазмұны тікелей логикалық тәсілмен емес, интуиция арқылы ұғымылатын идеяны білдіреді және толыққанды вербалды (сөздік) жамамен жеткізілуі мүмкін емес.

Символ – мәдениеттегі әмбебап категория, ол заттық бейне мен оның терең мағыналық мазмұнының арасындағы сәйкестік арқылы ашылады.

Символ ұғымы бірнеше мағынада қолданылады: қандай да бір ұғымды, идеяны немесе бейнені шартты түрде білдіретін зат, әрекет және т.б.; белгілі бір идеяны бейнелі түрде жеткізетін көркем образ; нақты бір әлеуметтік топтың мүшелеріне тән танымдық белгіні білдіретін шартты материалдық таңба.

Жасанды формальданған тілдерде символ – таңбамен баламалас ұғым ретінде қарастырылады.

Мәдениеттегі символ түсінігі күрделі және қосарлы сипатқа ие, ол оның белгіден айырмашылығынан көрінеді.

Негізгі айырмашылығы – символ нысанды тікелей көрсетпейді. Белгі заттың өзіне емес, әдетте онымен байланысты абстрактылы мағынаға (немесе бірнеше мағынаға) жалпы реакция тудыратанда таңбаға айналады.

Таңба – ерекше белгілер жүйесі. Таңба – көшпелі қоғамдарда ру-тайпалық тектестікті, меншікті, құқықтық мәртебені және кейде дін-ғұрыптық мағына-

мазмұнды білдіретін графикалық таңба. Археологиялық деректерде таңбалар келесі материалдарда кездеседі:

- тас мүсіндер мен ескерткіш тақталарда;
- жартастарда (петроглифтер түрінде);
- қола және темір бұйымдарда (қару-жарак, әшекейлер, тұрмыстық заттар);
- қыш және сүйек заттарда; малға салынған таңбаларда;
- қоса жерлеу заттарында.

Таңба бірнеше қызметті қатар атқарады: идентификациялық (ру, тайпа), ақпараттық (жер иелігі, меншік), коммуникациялық (олақтар, келісімдер), құрыптық (біздік нышандары, құрбандық белгілері) және құқықтық (жайналым иелену, мұрагерлік, некелік құлақтар).

Өрнек пен таңбаның арақатынасы. Таңбалар өрнектік элементтермен жиі ұштасып отырады, ол әсіресе сәндік-қолданбалы өнерде орын алатын жағдай. Дегенмен олардың арасында түбегейлі айырмашылық бар:

Өрнек – эстетикалық максимті қолданылатын, қайталанатын композициялық құрылым.

Таңба – жеке, мағыналық жүктемесі бар ақпараттық таңба. Ол әдетте даралына қолданылады және өрнек жолағына кірістірілмейді.

Алайда екі құрылымның өзара әсері де жоқ емес: кейбір таңбалар өрнекке ұқсастырылып, сәндік мәнге ие болады, ал өрнектер құрамында таңба пішіндес элементтер қайтанып отыруы мүмкін (мысалы, тоқыма немесе зергерлік бұйымдарда).

Стиль және таңбалар жүйесі. Көпшілік мәдениетіндегі стиль ұғымы – көркемдік-композициялық және семиотикалық белгілердің тұрақты жиынтығын білдіреді. Осы мәнінде скиф-сібірлік аң стилі мен таңбалар жүйесі – бір-біріне параллель дамыған, өзара ықпалдасқан таңбалық құрылымдар.

Аң стилі көбінесе көркемдік-құрыптық функцияларды атқарса, таңбалар әлеуметтік-құқықтық және саяси коммуникацияда шешуші рөл ойнады.

2 Скиф-сiбірлiк аң стилi – Қазақ Алтайы көшпелiлерiнiң ерекше таңбалық-коммуникативтiк жүйесi

Еуразия далаларының тарихындағы бiр жарым мыңжылдықты қамтыған кең кезең – б.з.д. I мыңжылдыктан б.з. I мыңжылдығының басына дейiн – бiрегей көркемдiк жүйенiң өркендеуiмен ерекшеленедi. Бұл жүйе ғылымда «скиф-сiбірлiк аң стилi» деген атауға ие болды. Ол тек сәндiк-әшекейлiк бағыт қана емес, көшпелiлердiң дүниетанымын, әлеуметтiк құрылымын, сакралды және тұрмыстық болмысты бейнелейтiн визуалды тiлдiң ерекше түрi ретiнде қызмет атқарды. Көшпелi халықтардың көпшiлiгiнде жазу болмаған жағдайда бұл стиль эстетикалық қана емес, ақпараттық, идентификациялық, тiптi құқықтық құралға айналды.

Археологиялық, тарихи-мәдени және семиотикалық деректер аң стилiнiң далалық қоғамдардың күнделiктi және тұрыптық өмiрiне терең енгенiн көрсетедi. Әшекейлерде, қару-жарақта, ат әбзелдерiнде, бас киiмдер мен тұрыптық бұйымдарда, әсiресе жартастағы бейнелер мен тас мүсiндерде (оның iшiнде атақты бұғытастарда) бұл стиль кенiнен көрiнiс тапты. Осы жәдiгерлерде зооморфтық кодтар арқылы әлемдi жүйелеудiң көрiнiсi байқалады.

Аң стилiнiң басты мотивтерiне жайртқыштар, тұяқтылар, құстар және мифологиялық тiршiлiк нелерiнiң бейнелерi жатады. Бұл бейнелерде ерекше атрибуттар – тырнақ, мүйiз, тұмсық, көз және бұпшық еттер – айрықша бөлiнiп көрсетiледi. Зооморфтық кескiндер қалыптасқан канондарға сай стильдендiрiлген: денесiн дөңгелек етiп бүккен аң, «ұшып бара жатқан» бұғы, қанатын жайған құс. Мұндай бейнелер – мағынасы орныққан символдардан құралған өзiндiк визуалды мәтiндер, күш пен кенiнiң, әлеуметтiк дәреженiң таңбалары, бөйтұмарлар ретiнде қарастырылады.

Бұл таңбалық-коммуникативтiк жүйенiң өзегiнде мифопоэтикалық дүниетанымдағы әлемдiк ағаш ұғымы негiзiнде қалыптасқан үш әлем туралы түсiнiк жатыр. Жоғарғы, ортаңғы және төменгi әлемдер символикалық тұрғыдан тiсiнше құстар, шөпкөректiлер мен жайртқыштар арқылы бейнеленедi. Бұл үштiк жүйе тек мифологиядан емес, нақты жәдiгерлерден – бас киiмдерден, қару-жарактың сабынан, белдiктерден, жартастағы композициялардан да көрiнедi.

Шығыс Қазақстандағы қоладан ерте темір дәуiрiне өтпелi кезеңге жататын петроглифтер – Мойнак, Зевакино, Маймер санды кешендерi – аң стилiнiң осы зооморфтық жүйесiн бейнелейтiн мыназды дереккөздер болып табылады. Осы ескерткiштерде жиi кездесетiн «құс тәрізді» немесе «тұмсықты бұғы» бейнесi зерттеушiлер тарапынан жоғарғы әлемнiң эмблемасы әрi үш әлем арасындағы байланысты жүзеге асыратын шамандық рух иесi ретiнде қарастырылады. Мүйiзсiздiгi, мойын мен тұмсықтың ұзартылып берiлуi, көздің орнитоморфтық бейнеленуi – бұл бейненiң сакралдық сипатын көрсетедi.

Жайртқыш аңдардың шөпкөректiлердi шайнап жатқан көрiнiстерi әлемнiң космогоникалық құрылымы мен дуалистiк табиғатын бейнелейдi: бұл – тәртiп пен

жақтың жақсылық пен құлдықтың мәңгілік күресі. Мұндай бинарлық оппозиция тек жартастағы бейнелерде ғана емес, қолданбалы өнерде – қола мен темірден жасалған айналарда, горниттерде (салажан пен қорамсақтың қосындысы), ауыздық әшекейлерінде және төс әшекейлерінде де кездеседі.

Берел мәдениетінің орта кезеңіне (б.з.д. V–IV ғғ.) жататын реалистік және орнектелген-стильдендірілген жануар бейнелері символикалықтан тұрыптық-көркемдік функцияға өту процесін көрсетеді. Бұл кезеңде бейнелердің сыртқы формасы қарапайымдалып, композициялар қолданбалы сипат ала бастағанымен, кодтық мәні-мағынасы сақталып қалады. Спиральды бұраулар, жолақтар, үшбұрышты орнектер көшпелілер мәдени шеңберінде ұғынылатын танымал элементтер болып қала береді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, қару-жарақтардағы бейнелерді кешенді түрде талдау аса маңызды. Қанжарда, балтада, шекпенде және горнитте бейнеленген зооморфтық фигуралар – жыртықш құстар, грифондар, мысық тектестер – атқа мағыналық сипат дарытып, иесіне күш, ертілік, шабуылшылдық қасиеттерін тегідей. Сағардан табылған соғыс көрінісі бейнеленген ерекше композиция қару асыну тәсілдерін, қалқан пішінін және жау жауынгерлердің шайқас тактикасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жауынгердің бейнесін және әскери салттарды қалпына келтіру үшін жабдық жабдық элементтері – қорамсақ, горнит, белдік, мүйізді немесе қауырсынды бас киімдер, тұрмыстық және тұрыптық әшекейлер де назарда болуы керек. Олардың петроглифтік иконографиялық талдауы арқылы көне салт-дәстүрдің реалистік тәсілден символикалыққа, ал кейін қайтадан нақты сипатқа өту үрдістерін кезең мен аймақ ерекшелігіне байланысты бақылауға болады.

Осылайша, скиф-сібірлік аң стилі – жай ғана көркемдік бағыт емес, тұтас таңбалық-коммуникативтік жүйе. Жазудың жоқтығына қарамастан, бұл жүйе көшпелі қоғамда әлеуметтік, сакралдық, құқықтық ақпаратты тасымалдаудың қуатты құралына айналды. Зооморфтық бейнелер арқылы руга, әскери сословиеге, шамандық культке және киелі білімге қатыстылық білдірілді.

Қазақ Алтайы аумағында жұмыс істейтін археолог үшін аң стилі таңбалар жүйесі ретінде ұғыну – бейнелерді сипаттаудан олардың мағынасын ашуға, яғни көшпелілердің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және символикалық бағдарларын қайта құруға мүмкіндік береді.

Сондықтан скиф-сібірлік аң стиліне жататын нысандарды зерттеу – тек жәдігерлерді тіркеу ғана емес, бүкіл бір өркениеттің игілігі тілінің құнығын ашатын үдеріс болып табылады.

3 Археологиядағы таңбаларды интерпретациялау тәсілдері (құрылымдық-семиотикалық, мәнімәтіндік, салыстырмалы-типологиялық)

Археологиялық материалдардағы көрнекі таңбаларды зерттеу тек техникалық тіркеумен шектелмейді, ол терең адиснамалық интерпретацияны қажет етеді. Таңбалар – ерекше таңбалар жүйесі ретінде – қолданбалы деңгейден бастап сакралды мағынаға дейінгі түрлі деңгейлерде түсіндірілуі мүмкін. Археология шеңберінде мұндай таңбаларды кеңенді түрде талдауға мүмкіндік беретін үш өзара толықтыратын әдістеме қолданылады:

Құрылымдық-семиотикалық тәсіл. Бұл тәсіл таңбаны өзге таңбалар жүйесіндегі элемент ретінде қарастырады, яғни таңбаның мәні тек сол жүйедегі басқа таңбалармен байланысында ашылады. Таңбаларға қатысты бұл келесідей аспектілерді қамтиды:

- әрбір таңба – ішкі логикасы бар «тіл» элементі ретінде қарастырылады;
- пішін, симметрия, композиция талданады;
- оппозициялық жұптар анықталады (мысалы: ашық/жабық пішіндер, түзу/іліген сызықтар);
- таңбаларды құрастыру, қайталану заңдылықтары есепке алынады.

Бұл үлгі таңбалық жүйенің ішкі құрылымын, оның тұрақты элементтерін, стандарттары мен ауытқуларын, жолжоюларын түсінуге мүмкіндік береді.

Мысалы, таңбалардың «әулетін» – бір архетиптен тараған топтарын – реконструкциялауға, олардың кеңістіктік-уақыттық таралуын бақылауға болады.

Мәнімәтіндік тәсіл. Мәнімәтіндік талдау таңбаның нақты мәдени, әлеуметтік және заттық ортадағы мағынасына бағытталған. Бұл жерде тек «не бейнеленгені» ғана емес, сонымен қатар:

- таңба қайда табылғаны (ескерткіш түрі, ландшафт, қоршаған орта);
- неге түсірілгені (тас, металл, ағаш, керамика);
- қандай мәнімәтінде (сакралды, жерлеу, шаруашылық);
- қандай заттармен қатар орналасқаны (басқа таңбалар, бейнелер, бұйымдар) маңызды.

Мысалы, жерлеу таңбаларын түсіндіруде бұл тәсіл аса қажет: жерленушінің әлеуметтік мәртебесі, бейіт құрылымы, құрбандық орындарының бар-жоғы мен ілесімі белгілер – бәрі таңба мағынасын ашуға көмектеседі.

Петроглифтерді зерттегенде де – көршілес бейнелер, олардың бағытталуы мен биіктігі – негізгі интерпретациялық факторлар саналады.

Салыстырмалы-типологиялық тәсіл. Бұл әдіс таңбаларды сыртқы белгілері (сызықтық құрылым, геометрия, композиция, орындалу техникасы) бойынша жүйеленіп, салыстыруға негізделеді.

Негізгі қағидаттар:

- түрлер мен нұсқаларды жіктеу;
- ұқсас таңбалармен аймақтық және хронологиялық салыстыру жүргізу;

- типологиялық қатарлар құру және классификация жасау.

Мысалы, Шығыс Қазақстанда табылған бір таңбаны Жетісу, Оңтүстік Сібір немесе Тува аймақтарындағы ұқсас таңбалармен салыстырып, олардан туыстығы немесе мәдени байланыстарын анықтауға болады. Бұл тәсіл таңбалардың шығу тегін зерттеу мен тарихи трансформацияларын талдауда маңызды.

Көптеңді тәсіл. Іс жүзінде ең тиімдісі – барлық үш тәсілді біріктіріп қолдану.

Мұндай синтездік әдіс:

- құрылымдық талдау арқылы таңба пішінінің «тілі» ажыратуға;
- мәнмәтіндік тәсіл арқылы оны нақты мәдениетпен байланыстыруға;
- типологиялық тәсіл арқылы оны кең еуразиялық таңбалық жүйеге

орналастыруға мүмкіндік береді.

Көптеңді тәсіл әсіресе:

- жазусыз нысандардағы таңбаларды талдау кезінде;
- ру-тайпалық жүйелерді жаңғырту кезінде;
- таңбалардың мәдени қызметін анықтау кезінде;
- аймақаралық салыстырулар жасау кезінде өсе құнды.

4 Визуалды белгілерді (таңбаларды) далалық және камералық тіркеу әдістемесі

Визуалды белгілерді зерттеудегі ең осал кезең – олардың бастапқы анықталуы мен тіркеу үдерісі. Осы сатыдағы қателіктер маңызды ақпараттың бұрмалануына немесе мүлде жойылуына әкелуі мүмкін.

Бұл бөлімде Қазақ Алтайы аумағындағы археологиялық зерттеулер барысында анықталған таңбалар мен өзге де графикалық белгілерді далада және кеңесде тіркеудің стандартталған әдістемелік ұсынымдары беріліп отыр.

Далалық кезең. Далалық кезең – көрнекі белгілер туралы шынайы әрі толық ақпарат жинаудың негізгі бөлігі болып табылады. Оның міндеттері – белгілерді анықтау, тіркеу, мәңгілікке келтіру және табылған орнында бастапқы жіктеу.

Анықтау және алдын ала сипаттамасын жасау. Таңбаларды анықтау археологиялық ескерткіштерде, сәулеттік нысандарда, рельефтерде, құлпытастарда, еңбек құралдары мен тұрмыстық бұйымдарда көзбен шолу арқылы жүзеге асырылады.

Мына жағдайларға ерекше назар аударылуы тиіс:

- таңбаның орналасуына (қай бетінде, позициясы, биіктігі);
- беттің сипатына (өңделген не табиғи);
- ілеспе бейнелер мен белгілерге (жаңғарлық стиль, өрнек, руналық белгілер).

Фотоіріктеу. Нысанның жалпы көрінісін (мысалы, құлпытасты), ортаңғы жоспарын (таңба-белгінің мәңгілігінің) және таңба-белгінің өзінің макрокөрінісін міндетті түрде түсіріңіз. Әрбір кадрда масштабтық шкала мен солтүстікті көрсететін бағдарша қолдану қажет.

Масштабты дәл көрсету үшін скейл-барлар мен өлшемдік маркерлерді (см және дюйммен) қолдану ұсынылады. Түсірілім әртүрлі жарық жағдайларында (міндетті түрде көлбеу жарықпен) жүргізілуі керек. Күрделі немесе тоңған бейнелер үшін фотограмметрия мен 3D-сканерлеу, сондай-ақ контрэкспозициялы және HDR-түсірілім әдістерін қолдану ұсынылады.

Сызба және трассировка. Мүмкін болған жағдайда, таңба-белгіні қалықа арқылы дәл көшіріп сызу ұсынылады немесе фотосурет негізінде электрондық трассировка жүргізіледі. Далалық зерттеуге қолайлы портативті құрылғылар (мысалы, iPad Pro немесе графикалық планшеттер) көмегімен векторлық трассировка жасау тиімді. Контурлық трассировка әлісін де қолдануға болады, мұнда сызықтардың тереңдігі, бағытталуы және тозу дәрежесі тіркеледі. Координаттарды (WGS84 пішімінде), бейненің бағыттатуы және масштабын көрсету міндетті. Сызықтардың ерекшеліктеріне назар аудармақ тиіс: тереңдігі, ені, салыну тәсілі (кесу, ойып салу, қашау).

Архивтеу және тіркеу. Далалық деректер толықтай сандық үлгіге көшіріліп, жүйеленуі тиіс. Міндетті түрде келесі мәліметтер қамтылады:

Мынадай міндетті өрістері бар далалық хаттама толтырылады:

- нысан нөмірі;
- тіркеу күні мен уақыты;
- координаттары мен биіктік белгісі;
- нысан түрі (тас, металл, ағаш және т.б.);
- таңбаның сипаттамасы (пішіні, салыну техникасы, ілесіне элементтері);
- сақталу жағдайы;
- болжамды интерпретация.

3D-фотограмметрия. Таңба-белгілері бар беттерді үш өлшемді түрде тіркеу үшін фотограмметрия әдісін пайдалану ұсынылады. Agisoft Metashape, RealityCapture сияқты арнайы бағдарламалық жасақтамалар қолданылады. 3D-үлгілер тозаң немесе жарым-жарты/толық емес таңбаларды айқындауға, морфологиялық салыстырмалы талдау жүргізуге және виртуалды жаңғыртпасын жасауға мүмкіндік береді.

GPS-тіркеу. Әрбір таңбаның нақты жағрафиялық координаттарын (WGS1984 пішімінде) тіркеу міндетті. Анықтамаға ландшафт пен мәдени мәнмәтіннің қысқаша сипаттамасы (ескерткіштің түрі, биіктігі, экспозициясы) қоса берілуі керек.

Камералдық кезең, талдау және тексеру. Деректерді өңдеу барысында негізгі міндет – көрнекі белгілерді жүйелеу, талдау және каталогтау.

Сканирлеу және графикалық өңдеу. Барлық фотосуреттер мен сызбалар цифрлық форматқа көшіріледі. Векторлық контурлар жасау үшін графикалық редакторлар (CorelDRAW, Adobe Illustrator, Inkscape) қолданылады. Таңбалар масштабын, бағдарын және калпын келтіру дәрежесін көрсете отырып трассировка әдісімен өңделеді.

Жоғары сапада фото немесе 3D-үлгі негізінде екінші трассировка жүргізілуі тиіс. Таңба пішіні типологиялық каталогпен салыстырылуы керек (егер бар болса). Идентификацияны нақтылау үшін ұқсас ескерткіштер деректерін қолдану маңызды.

Типтеу. Саралау бірнеше өлшем бойынша жүргізіледі:

- геометриясы мен пішіні (крест, үштік, шеңбер, балға және т.б.);
- күрделілігі (қарапайым / күрделі);
- ұқсастықтары (аймақ, дәуір, мәдениет бойынша);
- болжамды функциясы.

Типологиялық тор қолданылады, онда келесі мәліметтер тіркеледі:

- таңба коды (мысалы, АЛ-12-Т3 – Алтай, 12-нысан, 3-тон);
- пішіні;
- сәйкестендіру (егер белгілі болса);
- басқа ескерткіштердегі параллельдер.

Мәнімәтіндік талдау. Төмендегілер талданады:

- таңбаның нысан үстіндегі орналасуы;
- жапсарлас бейнелер мен мәтіндер;
- археологиялық және хронологиялық мәнімәтін;

- бірге табылған керамика, артефактілер, антропологиялық деректер.

Этнографиялық, тарихи және лингвистикалық дереккөздермен салыстыру арқылы пәнаралық сәйкестендіру жүргізіледі.

Этикалық және техникалық ұсыныстар. Археологиялық нысандардағы барлық әрекеттер қолданыстағы заңнамаға (рұқсаттар, аккредитациялар) сай жүргізілуі тиіс.

Ғылыми негіздемесіз келесі әрекеттерге жол берілмейді:

– таңбаларды нысанға қолдан салу;

– химиялық тазалау; – тесу немесе өзге де механикалық әсер ету.

Көптілді ұжымдарда (қазақ., орыс., ағылш.) терминологияны келісіп қолдану ұсынылады.

Суреттер мен материалдарды жариялау немесе пайдалану кезінде авторлық және дереккөз туралы ақпаратты көрсету міндетті.

Ұсынылатын құрал-жабдықтар.

Құрал түрі	Ұсынылатын қолдану мақсаты
GPS-навигатор	Ескерткіштердің геолокациясын анықтау
Цифрлық камера	Фотофиксация, көлбеу жарықпен түсіру
Сызғыш / шкала	Масштабтау үшін
3D-сканер / фотограмметрия	Күрделі рельефтердің моделін жасау
Планшет пен стилус	Цифрлық трассировка жасауға
PowerBank және фонарь	Далалық жағдайда жұмыс істеу үшін

5 Таңбаларды каталогтау және цифрлық өңдеу: деректер базасын құру

Қазіргі археологиялық зерттеулер үлкен көлемдегі визуалды ақпаратты жүйелеуді талап етеді. Таңбаларды тиімді каталогтау мен сандық өңдеу тек деректерді құрылымдауға ғана емес, сонымен қатар оларды аймақаралық мәнмәтінде салыстырмалы, статистикалық және визуалды тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Каталогтаудың мақсаттары. Таңбаларға арналған мамандандырылған деректер базасын құру келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- таңбалар туралы ақпаратты орталықтандырылған сақтау;
- әртүрлі зерттеушілердің материалдарына қолжетімділік;
- таңбалардың аймақтық және хронологиялық таралуын қадағалау;
- статистикалық және морфологиялық талдаулар жүргізу;
- ескерткіштер, таңбалар мен өңірлер арасындағы байланыстарды визуализациялау.

Каталогтаудың негізгі бірліктері. Деректер базасын қалыптастыру барысында әрбір тіркелген таңба келесі құрылымдың өзіншеміздер жиынтығымен сипатталады:

Санат	Сипаттама
Идентификатор	Бірегей код: аймақ-нысан-жыл-реттік нөмір (мысалы: ALT-BER-2025-003)
Тасымалдаушы түрі	Тас (петроглиф), құлпытас, қола бұйым, керамика, ертұрман бөлшегі және т.б.
Материал	Гранит, тақтатаас, балшық, металл және т.б.
Таңба өлшемдері	Ұзындығы, ені, сызық тереңдігі
Түсірілу әдісі	Ою, соғу, кесу, құю
Пішіні	Геометриялық, зооморфтық, аралас
Ілеспе бейнелер	Өрнек, сюжеттер, басқа таңбалар
Мәнмәтін	Жерлеу, шаруашылық, құрыптық
Орналасуы	GPS-координаттар, әкімшілік аудан, ескерткіш атауы
Аналогтар	Басқа өңірлердегі немесе мәдениеттердегі ұқсас таңбаларға сілтемелер
Талдау	Ру-тайпалық, функциялық, құздықтық, сакралды түсіндіру
Тіркеу күні және авторы	Зерттеушінің аты-жөні мен құжаттау күні

Бағдарламалық инстимдер. Каталог құру үшін келесі платформалар ұсынылады:

- Excel / Google Sheets – бастапқы жүйелеу үшін;
- MS Access / LibreOffice Base – реляциялық базалар құру үшін;
- FileMaker – суреттерді көру және сақтау үшін ыңғайлы;

- QGIS – таңбалардың географиялық байланысын белгілеу үшін;
- Zotero / Тізім – визуалды белгілермен деректерді архивтеу үшін.

IT-мамандардың қолдауымен жаңа деректерді енгізу модулі және іздеу жүйесі бар онлайн-каталог платформасын әзірлеу мүмкіндігі бар.

Визуализация және талдау. Мәліметтер көлемі жеткілікті деңгейге жеткеннен кейін деректер базасы мыналарға мүмкіндік береді:

- кластерлеу (тінгтер, таралу аймақтары, кезеңдер бойынша топтастыру);
- визуалды талдау (пішін, қайталануы, мутациялар);
- статистика (белгілі бір өңірде немесе кезеңде басым таңбалар);
- картографиялау (таңбалардың таралуын бейнелейтін тақырыптық карталар жасау);

- тарихи динамиканы реконструкциялау (мәдени әсер, көші-қон, жергілікті дәстүрлер).

Стандартизация және үйлесімділік. Басқа деректер базаларымен (мысалы, Еуразия ділісіндігі визуалды мәдениет бойынша халықаралық жобалармен) үйлесімді болу үшін:

- бірыңғай өріс құрылымын пайдалану;
- метадеректерді (өріс сипаттамасы, қолдау критерийлері) қамтамасыз ету;
- суреттерді JPG, PNG, TIFF форматтарында, ал 3D-модельдерді glTF, OBJ, STL форматтарында сақтау;
- мәліметтерді CSV, JSON, XML форматтарында экспорттау қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ Алтайы аумағындағы көне көшпелі қоғамдардың таңбалық жүйесін зерттеу – археологиялық ғылымдағы өзекті бағыттардың бірі. Таңбалар – әдебиеттік құрылымды, діни-мифологиялық дүниетанымды, құқықтық қатынастарды және мәдени жадыны бейнелейтін визуалды кодтар жүйесі. Олар жазу дәстүрі орнықтаған ортада ақпаратты сақтаудың, жеткізудің және реттеудің нәрменді құралы болған.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымда таңбаларды анықтау, тіркеу және ғылыми тұрғыда талдау тәсілдері жүйеленіп берілді. Құрылымдық-семиотикалық, мәнімәтіндік және салыстырмалы-типологиялық әдістерді үйлестіре қолдану таңбалар жүйесінің ішкі құрылымын, олардың тарихи-мәдени қызметін және семантикалық мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Далалық және камералдық кезеңдердегі тіркеу мен сипаттауға қойылатын талаптардың біріздендірілуі зерттеу нәтижелерінің сапасын арттырады және деректерді салыстырмалы түрде талдауға жол ашады.

Скиф-сібірлік аң стилінің көркемдік қана емес, сондай-ақ таңбалық-коммуникативтік сипатқа ие екенін ескере отырып, ондағы бейнелерді көшпелілердің өзіндік визуалды тілі ретінде қарастыру орынды. Бұл тәсіл жәдігерлерді жалаң сипаттаудан арылып, олардың астарлы мәнін, мәдени мәнімәтінін және құрыптық қызметін ғылыми тұрғыда пайымдауға жол ашады.

Қорытындылай келе, таңбалар жүйесін зерттеу – бұл жай ғана археологиялық деректерді жинау емес, өткеннің мәдени мәтінін оқу, бейнелік мағына мен тарихи сана кодының аясында тану үдерісі. Мұндай ізденістер көне көшпелілер өркениетінің рухани және семиотикалық кеңістігін қалпына келтіруге, сондай-ақ Еуразия далалық мәдениетінің дүниетанымдық негіздерін ұғынуға мүмкіндік береді.

ҮСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Базарбаева Г.А. Знаки-символы в раннесакском искусстве // Арханческое и традиционное искусство: проблемы научной и художественной интерпретации. М.: Всеросс. (с междунар. участием) научн. конф. (Новосибирск, 12–14 ноября 2014 г.). Новосибирск: ИАЭТ СО РАН, 2014. С. 4–6.
- 2 Кононенко, Б. И. Большой толковый словарь по культурологии / Б. И. Кононенко. – М.: Вече: АСТ, 2003. – 511 с.
- 3 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
- 4 Новоженов В.А. К вопросу об идентификации тамгообразных знаков в петроглифах Центральной Азии: методологический аспект // В кн.: Историко-культурное наследие и современная культура. – Алматы: Service Press, 2012. – С. 117–122.
- 5 Новоженов В.А., Смирнов Д.А., Шер Я.А. Компьютерный банк данных «Петроглифы Центральной и Средней Азии» (общая концепция и основные структуры) // Современные проблемы изучения петроглифов: сб. – Кемерово, 1993. – С. 48–60.
- 6 Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Исин А., Толтегенов Е., Сайлаубай Е. Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). – Алматы: ТОО «Археология», 2010. – 216 с.
- 7 Самашев З., Батылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы: Абділ компани, 2010. – 168 с.
- 8 Самашев З.С. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник: Центральной Азии: дис. ... док. ист. наук: 07.00.06. – Алматы, 2010. – 345 с.
- 9 Самашев С.К. Вопросы изучения функции тамгообразных знаков средневековых кочевников Казахстана // Поволжская археология. – 2020. – №4(34). – С. 66–80.
- 10 Раевский Д.С. Скифский звериный стиль – символическая знаковая система, предназначенная для описания мифоздания // Мировая художественная культура. Древний Египет, Скифский мир: Хрестоматия / Сост. И. А. Химик. — СПб.: Издательство «Лань», 2004. – 800 с.: ил. + вклейка (24 с.). – (Мир культуры, истории и философии). С. 739 – 761.
- 11 Рогожинский А., Новоженов В. Культурные ландшафты с петроглифами Центральной Азии: вопросы и ответы. – Самарканд: МИЦАН, 2018. – 252 с.
- 12 Тамги доисламской Центральной Азии. // Самарканд: МИЦАН. 2019. 452 с.
- 13 Tezcan M. Eski Türklerde Dama (Yüksek Lisans Tezi). – Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990. – 337 s.
- 14 Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / ed. by J.E. Pim, S.A. Yatsenko, O.T. Perrin. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – 518 p.

ҚОСЫМША Б
Күнтізбелік жоспар

№ 4-КК Бағдарламалық-
нысаналық қаржыландыру
туралы келісімге қосымша
« 4 » сәуір 2025 жыл

Жұмыстың күнтізбелік жоспары

№ р/с	Жұмыстың атауы	Орындалу уақыты		Күтілетін нәтижелер
		басталуы	аяқталуы	
1.	Б.д.д. I мыңжылдықтың басындағы Қазақ Алтайының таңбаторіздік белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша библиографиялық және мұрағаттық жиналған деректерді жүйелеу	қаңтар	наурыз	Б.д.д. I мыңжылдықтың басындағы Қазақ Алтайының таңбаторіздік белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша негізгі деректер базасын қалыптастыру аяқталады
2.	Түрлі символдық белгілері бар жылжымайтын және жылжымалы ескерткіштерді зерттеу бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау үшін, ежелгі көшпелілердің таңбақолдануына қатысты деректерді жалпылап, түйіндеу жұмыстарын аяқтау	сәуір	маусым	Ежелгі көшпелілердің таңбақолдану ескерткіштеріне қатысты деректер бір ізге түсіріледі, әдістемелік ұсыным әзірленіп «Берел» музей-қорығы сайтына ілінетін болады
3.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің символикалық белгілері мен таңбаларын жинастыру мақсатында далалық зерттеулер жүргізу	шілде	тамыз	Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім аудандарына археологиялық барлау-зерттеу жұмыстары жүргізіледі
4.	Жоба тақырыбы бойынша ғылыми семинар өткізу	тамыз	тамыз	Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша ғылыми семинар ұйымдастырылып,

				өткізіледі
5.	Қазақстаннан тыс жерлердегі таңбақолдану ескерткіштеріне қатысты деректері жинау мақсатында РФ Барнаул, Кемерово қалаларына іс-сапар	қыркүйек	қазан	Осы уақытқа дейін жүргізіліп келген Шығыс Қазақстан археологиялық экспедицияларының зерттеушілік құрамында болған Алтай мемлекеттік университеті және Кемерово мемлекеттік университеті мамандарының есептік жазбаларымен жұмыс істеу
6.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүрін археологтардың халықаралық конгресінде апробациялау мақсатында Түркияның Стамбул қаласына іс-сапар	қазан	қазан	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүрін археологтардың халықаралық конгресінде баяндама жасау арқылы апробациядан өткізіледі. Конгресс жинағында ғылыми мақала жарық көреді
7.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің қолжазбасын әзірлеу	қазан	желтоқсан	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің мәтіні әзірленеді, келешекте басып шығару үшін қолжазба нұсқасы жасалады
8.	Бағдарламаны жүзеге асырудың алдын-ала жинақталған аралық нәтижелерін ғылыми апробациялау	қазан	желтоқсан	Жарияланымдар: 1. Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша

				нәлдік емес импакт-факторға не немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) мақала; 2. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала; 3. Халықаралық конференция материалында 3 (үш), оның ішінде 1 (біреуі) шетелдік конференция материалында мақалалар жарияланады
9.	Жоба бойынша жылдық есепті дайындау және тапсыру	қазан	қараша	ГОСТ 7.32-2017 сәйкес жасалған жұмыс туралы есепті дайындау және жазу


Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
вице-министрі

Орындаушы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Мәдениет
комитетінің «Берел» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей қорығы»
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорыны
директорының міндетін
атқарушы


А.Ж. Сыдықов

Кезіргіші:
Жоба жетекшісі  С. Смайев


А.Т. Сарбасов